ВАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 237 (9555) | 1954 жылғы 30 ноябрь Сейсенбі | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тиын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫС: **А. Балашов.** —Еңбек өнімділігін арттыру—ең басты міндет. **Б. Әубәкірова.** — Москвалықтарға лайықты жауап (1-бет).

МАЛДЫҢ ҚЫСҚЫ КҮТІМІ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛСЫН: **Е. Қоқышов.** —Мол табысты шаруашылық. **В. Зиновьев.** —Мал азығы қар астында қалды (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Партиялық жұмыс —бұқарамен жұмыс (2-бет).

Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық елдердің Кеңесіне қатысатын ССРО Делегациясының құрамы туралы (2-бет).

**С. Бейсенбаев.** —Автомотоклубта (2-бет).

**В. Зорин.**—Дүниенің пайда болуы туралы (2-бет).

Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет атқомінің қарарлары (3-4-беттер).

Үзбей оқып, талмай ізден (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

## Колхоздардың бөлінбейтін қорлары

Партиямыз бен үкметіміз социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге үнемі көңіл бөліп, зор камқорлық жасап келеді. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы жаңа өрге басып, еліміздің халық шаруашылығының мол табысты саласына айналуда.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының каулылары жариялантаннан бергі жерде колхоздар ауыл шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға ие болды. Колхоздар шаруашылықтың негізгі салалары —егін және мал шаруашылықтарын шапшаң карқынмен өркендетудің арқасында жылма-жыл мол кіріс алып, өздерінің қоғамдық дәулеттерін арттыра түсуде.

Кәзір, ауыл шаруашылығын онан әрі күшті қарқынмен өркендету міндетін ойдағыдай шешуде колхоздардың бөлінбейтін қорларын үздіксіз молайтудың маңызы өте зор. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы колхоздарда қоғамдық шаруашылықты өркендетудің негізі — бөлінбейтін қорларды молайтып отыру, оны колхоз шаруашылығын онан әрі өркендетуге дұрыс пайдалану міндетін қойды.

Бүкіл еліміздегі сияқты облысымыздың колхоздарының шаруашылығы жылма-жыл өркендеп, алға басуда. Осыған байланысты колхоздардың бөлінбейтін қорлары да молая түсіп отыр. Мұны Конюхов ауданы колхоздарының мысалынан айқын көруге болады. — Аудан колхоздары мемлекетке астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мал шаруашылығын өркендету жөнінде де бірқатар табыстарға ие болды. Сату ретінде мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін өткен жылдармен салыстырғанда едәуір көп тапсырды. Мұның өзі аудан колхоздарының табысын, әсресе бөлінбейтін қорларын арттыруға мүмкіндік берді. Ауданның 18 колхозының 10-ы үстіміздегі жылы миллионер колхоздар қатарына қосылды.

Осы аудандағы «Красная крепость» колхозы үстіміздегі жылы егін және мал шаруашылығынан мол табыс тапты. Колхоздың бөлінбейтін қорына 200 мың сом ақша өткізілді. Колхоз бөлінбейтін қорларды молайту арқылы қоғамдық шаруашылықты мықтап өркендетуге қажетті құрал-жабдықтарды көптеп алуда. Мәселен, үстіміздегі жылы бөлінбейтін қорлар тапсырудың мемлекеттік жоспарларын мерзімінен бұрын орындады. Колхоз үстіміздегі жылы сату ретінде мемлекетке екі мың центнер сүт өткізді, бұл өткен жылғыдан алты есе дерлік артық. Сондай-ақ 350 центнер ет, 400 килограмм жүн сатып, көп пайда алды. Колхоздың бөлінбейтін қорлары 113 мың сомға жетті. Бөлінбейтін қорларға жиналған ақшаға егін және мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға қажетті құрал-жабдықтар, атап айтқанда мал азығын булағыш, су тартатын жабдықтар, бірнеше астық тазалайтын қуатты машиналар сатылып алынды.

Озат колхоздардың тәжрибелері облыс колхоздарында қоғамдық шаруашылықты жедел қарқынмен өркендетуге қажетті мүмкіншіліктердің жеткілікті екендігін көрсетеді. Солай бола тұрса да, облыстың көптеген колхоздарында мұндай бай мүмкіншіліктер әлі күнге дейін нашар пайдаланып келеді. Көп колхоздар ауыл шаруашылығының негізгі салаларын нашар өркендетіп, олардан табысты жылма-жыл аз алып жүр. Петропавл ауданының колхоздарында жағдай дәл осындай. Аудан колхоздары биыл астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындай алмады. Сол сияқты, мұнда мал шаруашылығының өркендеуі де баяу. Бұл жағдай колхоздарда түсетін табыстың азаюына, қоғамдық шаруашылықты шұғыл өркендетудің қайнар көзі —бөлінбейтін қорлардың аз жиналуына әкеліп соғып отыр. Мысалға осы аудандағы «Луч Ленина» колхозын алайық. Колхоз басшыларының шаруашылыққа басшылықты нашарлатып жіберуінің салдарынан бұрын мол табыс алып, миллионер болған бұл колхоздың табысы биылғы жылы азайып кетті. Колхоз егіннен, сондай-ақ мал шаруашылығынан да қажетті өнім ала алмай, бөлінбейтін қорларды тиісті мөлшерде толықтырмады.

Жалғыз Петропавл ауданы ғана емес, бөлінбейтін қорлар жинау және оны пайдалану ісінің жайы облыстың бұдан басқа бірқатар аудандарында да мәз емес. Булаев, Преснов, Совет, Октябрь, Мамлют аудандарының колхоздары бөлінбейтін қорлар жинау және оларды толықтыру жөнінде жыл сайын тозгісіз артта қалып келеді. Мұның өзі колхоз өндірісін онан әрі өркендету ісіне

*Бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыс*



«Комсомолка» тігін фабрикасының мотор жүргізушісі Балғиза Қожантаева бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыста үздік табыстарға ие болуда. Ол сменалық нормасын екі еседен асыра орындаумен бірге, сапалы бұйымдар шығарады.

СУРЕТТЕ: цех мастері **А. Михайленко** жолдас Балғиза **Қожантаева** тіккен бұйымдардың сапасын тексеріп тұр. Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Еңбек өнімділігін арттыру— ең басты міндет

Қаладағы С. М. Киров атындағы заводтың Андреев жолдас басқаратын цехында өткен жылы өнім шығару, оның сапасын жақсарту, өнімнің өзіндік құнын кеміте беру және еңбек ұйымдастыру жұмыстарында едәуір олқылықтар болды. Цех айлық өндірістік тапсырманы 60—70 процент ғана орындап жүрді. Еңбек өнімділігі төмен, өнім сапасы нашар болды.

Цех коллективінің мемлекет тапсырмасын орындай алмауы және жалпы завод бойынша өндірістік жоспарды орындауға кері әсерін тигізіп келе жатқаны заводтың және цехтың басшыларын қатты ойландырды. Завод және цех басшылары жұмысты дереу жақсартудың және еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсартудың жолдарын қарастырды. Ол үшін цехта «Мінсіз сапалы өнім шығарушы

ва, Сапрыгина, Сыгучева жолдастар осы озаттардың іс үлгісімен жұмыс істеп, цехтың алдыңғы қатарлы жұмысшылар дәрежесіне жетті. Ал өндірісте еңбектің озат үлгісін көрсетіп, сменалық тапсырманы үнемі асыра орындайтын Жақбаров жолдас мастерлік қызметке жоғарылатылды.

Үстіміздегі жылдың өткен он айында цехтың ең нашар істеген жұмысшысы бір жыл үш айлық өндірістік тапсырманы орындады. Ондаған өндіріс озаттары кәзір де 1956—1957 жылдардың есебінде жұмыс істеп жүр. Цехтың әрбір сменаларының арасында да социалистік жарыс кең өріс алды. Мұнда Еременко жолдас басқаратын смена мүшелері алты ай бойына үздік еңбек етіп келеді. Смена мүшелері жұмыста бірде-бір ақау жібермей, айлық өндірістік тапсырманы үнемі асыра

## Малдың қысқы күтімі тыңғылықты ұйымдастырылсын

### Мол табысты шаруашылық

Мал шаруашылығы—колхоз шаруашылығында мол табысты саланың бірі. Сондықтан СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысында колхоздарда мал шаруашылығының шапшаң өркендетілуін қамтамасыз ету қажет екендігі және оның жолдары атап көрсетілді. Бұл ұлы программаны басшылыққа ала отырып, мал шаруашылығын өркендетуді жаңа талаптарға сай құра білген «Победа» колхозы (Булаев ауданы) бұл салада айтарлықтай табысқа жетіп отыр.

Колхозда ең алдымен мал шаруашылығы өнімдерін шұғыл арттырудың кепілі—малазық қорына, мал тұқымын асылдандыруға, мал тұратын орындарды реттеуге, азықты нәрлендіріп беруге ерекше көңіл бөлінген. Мал фермалары тәжрибелері бар адамдармен толықтырылған. Міне, бұл сияқты шаралардың мұқият жүзеге асырылуы мал шаруашылығынан алынатын өнім мөлшерін де молайтты.

Мал шаруашылығынан алынатын өнімді, атап айтқанда, сүтті көп алу үшін колхоз сауын сиырлар санын көбейтуді бірінші кезекке қойды. Кәзір мұнда 200 сауын сиыр бар. Олар қыс түсісімен жайлы қораларға орналастырылды. Сауын сиырлардың көбеюіне байланысты колхоз үстіміздегі жылы 60 бас бұзаулық қора салуды жоспарлаған болатын. Кәзір ол пайдалануға берілді. Малға азықты тек нәрлендіріп беру үшін фермалар сабантурағыш және азықбуландырғыш аппараттармен қамтамасыз етілді. Колхозда буландырылған сабан-топанға араластырылып, нәрлендіруге дайындалған дәнді дақылдар қалдықтары да жеткілікті. «Победа» колхозы сиырдан алынатын сүт мөлшерін қыс уақыттарында да жазғы кездегіден кемітпеу үшін мал қыстатуға жыл сайын тыңғылықты әзірленеді. Бұл өз нәтижесін беріп те келеді.

Үстіміздегі жылы колхоз мемлекеттік сүт тапсыру жоспарын 1 сентябрьге 104 процент етіп артығымен орындап шықты. Сөйтіп сентябрьден бастап сүтті мемлекеттік сатып алу орындарына өткізуде. Мемлекетке сатылған сүтке колхоз бір «ЗИС—150»

Мал шаруашылығынан алынатын өнімнің арта түсуі жолында сауыншы Р. Корая, В. Крайкова жолдастар аянбай еңбектеніп келеді. Олардың жұмысқа деген ынталылығының арта түсуіне фермадағы есеп жұмысының тиянақты түрде жүргізілуінің зор роль атқарғанын айтпай кетуге болмайды. Мұнда 1 сентябрьге дейін мал күтуші-бақташы Петр Рыбалко 1087 еңбеккүн, сауыншылар Р. Корая 748 еңбеккүн, В. Крайкова 528 еңбеккүн тауып, 150-80 пұттан астық алды.

Колхоздағы табысты шаруашылықтың бірі —шошқа өсіру. Колхоз басқармасы шошқа өсірудің, әсресе, мемлекетке ет тапсыруда, ет сатуда басқа түліктерге қарағанда арзаншы болатын және тез өсетіндігін есептеп, оған ерекше көңіл бөлді. Соның нәтижесінде артельде шошқа фермасы табысты шаруашылыққа айналуда.

Шошқа фермасының меңгерушісі Евдокия Крайкова жолдастың істі дұрыс ұйымдастыра білуі арқасында 1 сентябрьдің өзінде колхоз шошқа өсірудің мемлекеттік жоспарын 200 процент етіп орындады. Мұның өзі келесі жылы да колхоз мемлекеттік сатып алу орындарына шошқа етін тапсыру арқылы ондаған мың сом кіріс табады деген сөз.

Үстіміздегі жылы колхоз мемлекеттік ет жоспары есебіне көбіне шошқа тапсырды. Сонымен бірге шошқаны мемлекеттік сатып алу орындарына өткізу және басқа жерлерге сату арқылы 12 мың сом ақшалай табыс кіргізді. Бұған қырман басындағы астық тазарту жұмысын механикаландыру үшін бір мотор және жаңа мал қораларын жабдықтауға қажетті жүздеген текшеметр құрылыс тақтайларын сатып алды.

Шошқа өсіруде қажырлы еңбек етіп, бұл шаруашылықты табысты салаға жеткізгені үшін колхоз басқармасы шошқа фермасының меңгерушісі Евдокия Крайкова жолдасқа қосымша ақыға 2 торай берді.

Мал шаруашылығын өркендетуде үлгі көрсеткен Рыбалка және Т. Мейманов жолдастарды колхоз басқармасы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне

[illegible] сатып алды, «ДТ—54» тракторының моторы орнатылған электр двигателін орнатып іске қосты. Екі жүк автомашинасы мен бір «Победа» жеңіл машинасын сатып алды. Ірі қарамал үшін жемшөп өңдейтін кухнясы бар стандартты үлкен мал қорасын салып пайдалануға берді.

Колхоздың қоғамдық байлығының артуы нәтижесінде колхозшылардың әл-ауқат дәрежесі барған сайын жақсара түсіп отыр. Мұнда биыл колхозшылар әрбір еңбеккүнге 3 сомнан ақша, 3 килограмнан астық алды.

Аталған аудандағы «Пятилетка» ауылшаруашылық артелі —миллионер колхоздардың бірі. Бұл колхоз үстіміздегі жылы егін мен мал шаруашылығын өркендетуде зор табыстарға ие болды. Колхоз астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Сол сияқты қой шошқа, жылқы өсірудің жылдық жоспары да мерзімінен бұрын орындалды. Бөлінбейтін қорларға мыңдаған сом ақша бөлінсе, оған 5 мың центнер астық сыятын қоймасы, астық кептіргіш, төбесі шифрмен жабылған жабық қырман, стандартты бұзау қорасы, колхозға жылына он мың сомға дейін пайда беретін диірмен салынды, үш автомашина және басқа да құрал-жабдықтар сатып алынды.

Бөлінбейтін қорларды көп жыйнап, оны қоғамдық шаруашылықты өркендетуге дұрыс пайдалана білген мұндай колхоздар басқа аудандарда да жоқ емес. Полудень ауданындағы «Пламя революции» колхозы өздерінің қолда бар мүмкіншіліктерін дұрыс пайдаланудың арқасында шаруашылықтың негізгі салаларын ойдағыдай өркендетуге жетісіп отыр. Бұл колхоз астық және мал шаруашылығы өнімдерін [illegible] сан келтіріп отыр. Бұл аудандардың партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарта алмай, колхоздардың бөлінбейтін қорларының мүлде қанағаттанғысыз жыйналуы, сондай-ақ, олардың дұрыс пайдаланылмауы фактілеріне төзімділік жасауы таңқаларлық жағдай.

Облыс колхоздарында ауыл шаруашылығының барлық саласын бірдей шұғыл өрге бастырып, олардан жылма-жыл мол табыс алуға, бөлінбейтін қорларды көбейтуге қажетті мүмкіншіліктердің бәрі де бар. Әңгіме осы бай мүмкіншіліктерді тиімді пайдалануда ғана болып отыр.

Әрбір колхозда бөлінбейтін қорлардың көп жыйналып, олардың қоғамдық шаруашылықты ойдағыдай өркендетуге пайдалануға жетісу үшін жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары ауыл шаруашылығына басшылықты негізінен жақсартулары керек. Олар еңалдымен еңбек ұйымдастыру ісін жақсартуға, егін мен мал шаруашылығында ғылым мен озат тәжрибе табыстарының кеңінен қолданылуына жете назар аударуға тиіс.

Колхоз басшылары мен партия ұйымдары кәзір барлық күш-мүмкіншілікті мал қыстатуды үлгілі өткізуге, алдағы жылдың көктемгі егісіне осы бастан тыңғылықты әзірленуге жұмылдыра білуге міндетті. Колхоздың қоғамдық дәулетінің, әсресе олардың бөлінбейтін қорларының молайтылуы еңалдымен осыған байланысты екенін олар естерінен шығармауға тиіс.

Әрбір колхозда бөлінбейтін қорлардың мол жыйналып, ауыл шаруашылығын партиямыз бен үкметіміз алға қойып отырған міндеттерге сай жедел қарқынмен өркендетуге жетісейік.

## Еңбекшілерге арналған товарлар

МОСКВА. Краснохолм комволь комбинаты 11 айлық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Өткен жылғымен салыстырғанда таза жүннен бастон шығару арттырылды, трико мен шевиоттың сорттары жақсартылды. Бірінші сортты өнімдер шығару жөніндегі тапсырма артығымен орындалуда.

Жыл басынан бері жоспардан тыс 375 мың метр костюм тігетін дайын маталар шығарылды.

УЖГОРОД. Закарпатья кәсіпшілік кооперацияларының кәсіпорындары көркем мебельдер шығаруды ұлғайтуда. Кәзір бұл мебельдерді «Краснодеревщик» бірінші артелі шығаруда. Үстіміздегі жылдың он айы ішінде облыс кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындары өткен жылғымен салыстырғанда көркем мебельдерді бір миллион сомға артық шығарды.

АДЛЕР. (Краснодар өлкесі) Адлер балық заводы еліміздің әр әртүрлі қалаларына күн сайын самолетпен Қара теңіздің жаңадан қатырылған балықтары мен консервілерін жөнелтеді. Өткен жылғымен салыстырғанда консерв шығару үш есеге арттырылды.

27 ноябрь. (СОТА).

## Урал металлургтерінің жаңа жеңісі

СВЕРДЛОВСК, 28 ноябрь. (СОТА). Уралдың домнашылары, болат балқытушылары мен прокатшылары социалистік жарыста жаңа еңбек жеңісіне ие болды: Свердлов, Челябі, Молотов облыстары мен Башқұрт АССР-нің қара металлургия кәсіпорындарын біріктіретін «Главуралметтің» көп мыңдаған коллективі барлық металлургиялық циклдың 11 айлық программасын мерзімінен үш күн бұрын орындады.

Шойын өндіру өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 4,3 процентке, болат өндіру 5,2 процентке және прокат өндіру 4,9 процентке арттырылды. Еңбек өнімділігі жоспардағыдан 2,1 процент жоғары болды.

Әсресе, Север, Жоғарғы-Салдин, Алапаев, Белорец және Саткин заводтары ойдағыдай жұмыс істеді.

[illegible] алу жарысы әрбір бригада мен бригада арасында кең өрістетілді. Кімнің не істегені, тапсырманы неше процентке орындағаны, онымен бірге, айдың қорытындысы шығарылып, жалпы цехтың болмаса заводтың өндірістік жыйналыстарында талқыланып, ай бойында кездескен кемшіліктер айтылып, өндірісте артта қалушылар және өнімде ақау жіберушілер қатты сынға алынып отырды. Кездескен кемшіліктерді жоюдың нақтылы шаралары белгіленіп, ол жүзеге асырылды. Міне, соның нәтижесінде 1953 жылдың өзінде декабрь айындағы өндірістік жоспар 106 процент болып орындалды. Бұл мерзімде өнім сапасы де бірсыпыра жақсарып, өнімнің өзіндік құны едәуір кеми түсті. Цехтың барлық жұмысшы қызметкерлері мен инженер-техниктері үстіміздегі жылы да қол жеткен табысты баянды етті. Цех коллективі Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, айлық өндірістік жоспарды 154 процентке артығымен орындап шықты. Ал өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда өнім үстіміздегі жылы 48 процент артық шығарылды.

Мұндағы еңбек озаттары Мирошниченко, Мицуков, Мұстаев, Гладилова және Калинина жолдастар өндірістік тапсырманы үнемі 180-200 процентке дейін артығымен орындайды. Бұл еңбек озаттарының іс тәжрибелері цехтың барлық жұмысшыларына таратылып, өндірісте кеңінен қолданыла бастады. Бұрынғы қатардағы жұмысшылар Пакето[illegible] дауға жетісті.

Алайда заводтың барлық цехтарында социалистік жарыстың кең құлаш жайып өрістеуіне мүмкіншілік туғызылмай келеді. Әсресе Лукьяненко, Пак тағы басқа жолдастар басқаратын цехтарда социалистік жарыс кең өріс алмаған. Цех бастықтары біздің әкімшілік жұмыстан қолымыз босамайды, социалистік жарысты технологтер, мастерлер және бақылаушылар басқарып, солар жүргізсін деген теріс пікірдің шырмауынан әлі де болса шыға алмай отыр.

Бұл күндері заводтың барлық жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриоттық бастамасын қызу қолдап, бұдан былайғы күндерде де еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өнім сапасын жақсарта түсу және өнімнің өзіндік құнын кеміте беру мақсатымен социалистік жарысты өрістете түспек. Ол үшін завод коллективі ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерді түгел есептей отырып, отандық жаңа техника мен технологияны өндіріске кеңінен пайдаланып, озаттардың іс үлгісін бұқара игілігіне айналдыруға және өндіріс жұмыстарын біркелкі жүргізіп өнімді қатаң график бойынша шығаруға жетісуге міндеттеніп отыр.

**А. БАЛАШОВ,**

**С. М. Киров атындағы завод кәсіподақ ұйымының председателі.**

## МОСКВАЛЫҚТАРҒА ЛАЙЫҚТЫ ЖАУАП

Астанамыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының СССР-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриоттық бастамасы қалалық сауда бөлімінің еңбекшілер заказдары бойынша киім тігетін мастерскойының тігіншілері арасында қызу қолдау тапты. Оларды халқымыздың әскелең тілектеріне сай жұмыс істеуге, шығарылатын өнімнің мықты, әрі әсем, көрікті, денеге қонымды болуына жетісе берулеріне жігерлендіре түсті.

Еңбекшілердің заказдарын мерзімінде, мінсіз орындауда мастерской коллективі үстіміздегі жылы да бірсыпыра жақсы көрсеткіштерге ие болды. Жылдың өткен 10 айында мастерской 1 миллион 600 мың сомға ерлер мен әйелдердің сырт киімдерін және әйелдер үшін түрлі модылы жеңіл көйлектер тігуді міндеттенген еді. Алынған міндеттеме абройымен орындалды. Бұл мерзім ішінде 1 миллион 727 мың сомның жоғары сапалы өнімі шығарылып, өндірістік жоспар 108 процентке дейін артығымен орындалды.

Мастерскойдың барлық тігіншілері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, октябрь айында да еңбек өнімділігін бұрынғысынан едәуір арттыра түсті. Мастерской коллективі ол айда 196 мың сомның жоғары сапалы өнімін шығарып, өндірістік программаны 126 процентке артығымен орындалды.

Еңбекшілердің берген заказдарын мерзімінде және сапалы орындау жолындағы социалистік жарыста Мария Серебрикова жолдас басқаратын сырт киімдер тігетін цех өндірісте еңбектің озат үлгісін көрсетіп, үнемі алда келеді. Цехтың барлық тігіншілері әрбір айлық өндірістік тапсырманы үнемі асыра орындайды. Мұндағы тігіншілер Татьяна Хижнова, Евгения Дормадихина, Иван Геращенко жолдастар өндірістік тапсырманы орындауды 110-160 процентке жеткізуде. Ал әйелдер үшін түрлі модылы жеңіл көйлектер тігетін цехтың озаттары Поля Комарова, Ольга Леглер жолдастардың да еңбектегі көрсеткіштері аса жоғары.

Бұл күндері мастерскойдың барлық тігіншілері мен киім пішушілері астана еңбекшілерінің көтерген игілікті бастамасына нақтылы іспен жауап беру жолында қажырлылықпен еңбек етіп, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу үшін пайдаланылмай келген ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерін есепке алып отыр.

**Б. ӘУБӘКІРОВА,**

**Қалалық сауда бөлімінің еңбекшілер заказдары бойынша киім тігетін мастерскойының бас бухгалтері.**

[illegible] тағы екі жүк машинасын сатып алу үшін сүт өткізуде. Колхоз мал шаруашылығы өніміне бұдан бұрын үш машина сатып алған болатын.

[illegible] берді. Кәзір олар көрмеде мал шаруашылығы павильонында көрген озат әдістерді өз істеріне творчестволықпен пайдалану үшін қажымай еңбектенуде.

**Е. ҚОҚЫШОВ.**

## Мал азығы қар астында қалды

Совет ауданындағы Шағлы МТС-нің қамтуындағы колхоздарда мал саны жыл сайын көбейіп келеді. Бұл —сүйсінерлік іс. Малдың көбеюі оған азықтың да, қоралардың да көп болуын және фермаларда еңбекті көп керек ететін жұмыстардың механикаландырылуын қажет етеді. Мұның өзі—алдымен мал шаруашылығының ең жауапты кезеңі мал қыстатуға жан-жақты әзірлену керек деген сөз. Бірақ іс жүзінде МТС қамтуындағы колхоздарда биыл мал қыстатуға әзірлік ойдағыдай болмады, демек, оларда мал қыстату көп кемшіліктермен басталды.

Биыл МТС аймағы бойынша жемшөп дайындау жоспары небары 39 процент орындалды. 3900 тонна жемшөп сүрленуі керек еді, оның орнына 1145 тонна ғана сүразық дайындалды. «Северный берег», «Колос», «Победа» сияқты колхоздарда дайындалды деп есептелген мал азығы апрель айына дейін ғана жетеді. Ал сол дайындалды делінген шөптің бірқатары шөмеле күйінде, маяланбай қар астында жатыр.

Бұл МТС қамтуындағы колхоздарда жемшөп дайындаудың барысы туралы жаз айларында аудан орталығында талай рет әңгіме болды. Аудандық партия комитетінің бюро мәжлістерінде де, сондай-ақ Совет атқомінің мәжлісінде де айтылып, кемшілікті жою шаралары белгіленді.

Сол кезде МТС басшылары:

—Колхоздарда пішен дайындау жұмысы егін науқанымен қарбалас келген кезде ғана баяулап отыр, егін орағы бітісімен бұл жұмыс қыза түседі, — деп колхоз басшыларына ымырашылдық жасап, оларды кінәдан жанталаса арашалаған болатын. Амал не, егін ору науқаны аяқталғаннан кейін де мал азығын дайындауға жете назар аударылмады. Шөп шабуға лайық күздің ашық күндері босқа өтіп жатты. Ондаған мың центнер сабан-топан жыйналмай қар астында қалып, ысырап болуда. Сөйтіп МТС басшыларының көрсеткен сенімі іс жүзінде ақталмады, колхоз басшылары жұмысты ширатпай, бұрынғы күйінде жүргізе берді. Мұның ақыры оларда мал азығының тапшы болуына әкеліп соқты.

Мал қыстатуды үлгілі өткізу МТС-тердің алдында тұрған кәзіргі зор міндет. Сондықтан МТС және колхоз басшылары бұл міндеттің абройымен орындалуын қамтамасыз етулері керек. Бірақ Шағлы, МТС-нің басшылары (директордың міндетін уақытша атқарушы, аға инженер Контарович жолдас) бұл жауапкершілікті мүлдем ұмытқан. Оған мынадай факті дәлел бола алады. МТС колхоздарға пішенді мал қоралары жанына тасу үшін 21 шынжыр табанды трактор бөлген болатын. Егер жұмыс жақсы ұйымдастырылып, техника іске дұрыс пайдаланылған болса, онда барлық колхоздың жемшөбі мал қоралары жанына түгел тасылып алынған болар еді. Амал не, осы күнге дейін барлық трактормен тасылған жемшөп 3 мың центнерден аз-ақ асады. Тракторшылар болмашы себептермен: «радиоторға су қатып қалды», «оталғыш жұмыс істемейді» деп, шөпті тасымай ұзақ уақыт селода тоқтап тұрады. Олар түнде пішен тасып көрген емес. МТС басшылары бұл кемшіліктерді жоюмен шұғылданбай жүр.

МТС-тегі ауыл шаруашылығы мамандары мал қыстату ісіне басшылық жасаудан мүлдем сырт қалып келеді. Зоотехниктер, мал дәрігерлері колхоздарда сирек болады. Бұл жұмыстарды басқарып, ұйымдастыруға мамандар араласулары керек еді, бірақ олар әзірге бойларын аулақ салып жүр. Ал бұл кемшілікті шұғыл жою орнына Контарович жолдас:

—Быйылғы жылы сабанның өзі де ұсақ, оны турап беру қажет емес, —деп мәлімдейді.

Кейбір колхозда мал азығын жұмсаудың дұрыс есебі жоқ, қай түлікке болса да шөп жалпы мөлшермен беріле салады. Оның үстіне «Победа», «Путь к коммунизму», Аманкелді және Сталин атындағы колхоздарда мал қоралары жанына үйілген маялар қоршалмағандықтан оны мал басып, ысырапқа ұшырауда.

Колхоз және МТС басшылары бұл кемшіліктерді жойып, жетіспейтін жемшөптің орнын толтыру үшін жыйналмай қалған шөп пен сабан-топанды жыйнауды ұйымдастырулары керек. Мұнсыз малды қыстан толық аман алып шығу мүмкін емес. Сондықтан бұл жағдайды естен шығаруға болмайды.

**В. ЗИНОВЬЕВ.**

## ҚҰСЫ КӨП КОЛХОЗ

Ленин атындағы колхозда (Преснов ауданы) ауыл шаруашылығының басқа да салаларымен бірге құс өсіру ісі де кең өріс алуда. Соның нәтижесінде колхоз қарауындағы құс жылдан жылға көбейе түсуде.

Колхоз басқармасы құстың жақсы күтімге алынып, тез көбеюі үшін жеке аулаға құс үйін салу қажеттігін ерте ескерді. Көктемде ұйымдастырылған құрылыс бригадасына жаңа мал қораларын салумен бірге бір жаңа құс үйін салу тапсырылды.

Кәзір екі мың құс сыятын үй пайдалануға берілді. Оның жанына құс күтушілерге арнап тұрғын үй салынған. Колхозда 1500 құс бар. Арнаулы құс үйінің салынуы құстарды алдағы жылдары едәуір көбейтуге мүмкіндік жасап отыр. Құс өсіруші ерлі-зайыпты Ильин жолдастар құс шаруашылығын өсіре беруге міндеттенді.

**М. ӘКІМЖАНОВ.**

## ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

# Партиялық жұмыс—бұқарамен жұмыс

### Петропавл аудандық IX партия конференциясы

27—28 ноябрьде Петропавл село аудандық IX партия конференциясы болып өтті.

Есепті баяндама жасаған аудандық партия комитеттің секретары Қабдунасов жолдас және жарыссөзде сөйлеген делегаттар Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде көрсетіп отырған қамқорлығын зор қанағаттанғандықпен атап өтті. Аудан МТС-тері үстіміздегі жылы өткен жылға қарағанда отандық техниканы: тракторлар мен комбайндарды және басқа ауыл шаруашылық машиналарын екі есе артық алды. Партия ұйымдарының басшылығымен ауданның колхозшылары мен МТС, совхоз қызметкерлері ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету ісіне белгілі үлес қосты. Егіс көлемі 12 процент ұлғайды. Тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі тапсырма толық орындалды. Қоғамдық мал басы көбейіп, оның өнімділігі артты.

Алайда бұл табыстар, конференция делегаттары атап көрсеткендей, ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі жұмыста кездесіп отырған олқылықтарды тіпті де бүркемелей алмайды. Ауданның партия, совет ұйымдары және МТС-тердің, совхоздардың, колхоздардың басшылары ауыл шаруашылығы қызметкерлерін егін шығымдылығын арттыру жөніндегі күреске ойдағыдай жұмылдыра алмады. Аудан бойынша дәнді дақылдардың әрбір гектарынан небары 5 центнерден ғана, ал Жамбыл атындағы, Дмитров атындағы колхоздарда небары 1,5—2 центнерден ғана өнім жыйналды. Тек осы себепті аудан мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмады. Көктемгі егіске қажетті тұқымның 52 проценті ғана жарамды болып отыр.

Егін шығымдылығының кем болуының себебі мынада: аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті ауыл шаруашылық жұмыстарының сапасы төмен болуымен, агротехникалық шараларды бұрмалау фактілерімен келісіп келді. Ғылым табыстары мен озат тәжрибелерді өндіріске енгізу үшін қажетті шараларды жүзеге асырмады. Бір мысал: Сталин атындағы колхозда 500 гектар ықтырма жаңа жерлерге емес, ескі жерлерге, қалай болса солай егілді. Сондықтан оның бәрі де шықпай қалды.

Солай бола тұрса да, келесі жылдың егісінен мол өнім алу жөнінде қазір қажетті шаралар жүзеге асырылмай отыр. Делегат Сазонов жолдас айтқандай, ауданның бірде-бір колхозы егістік жерлерге қар тоқтату жұмысына кіріскен жоқ.

Аудан колхоздары картоп пен овощь шаруашылығын өркендетуде шешуші роль атқарады. Алайда быйыл ауданда картоп пен овощь егу жоспары орындалмады. Бір ғана «Луч Ленина» колхозы 70 гектар картоп отырғызбады. Бұл дақылдардан 110 ... павл совхозы бұл мәселені шешсе, қала халқын овощьпен және картоппен толық қамтамасыз етуде едәуір табысқа ие бола алады.

Конференция делегаттары ауданда мал шаруашылығын өркендету бүгінгі талаптан кейін қалып отырғанына ерекше назар аударды. Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомі қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісіне басшылықты қамтамасыз ете алмады. Осының салдарынан аудан колхоздарында бірнеше мың бас мал шығын болды. Әсресе қоғамдық малдың төл есебінен өсу көрсеткіші өте төмен. Мұның себебі—мал азығының берік базасы жасалмауынан, мал өсірушілер арасында бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі төмен болуынан. Ауданда мал азығы жартылай да дайындалмады.

Жарыссөзде сөйлеушілер мал қыстату маусымын үлгілі өткізу үшін мал қораларына жемшөп тасу, фермаларды кадрлармен толықтыру, олардың арасында саяси жұмысты жақсарту мәселелеріне тоқталды.

Конференцияға қатысушылар машина-трактор станциялары колхоздармен жасасқан шартты орындауда үлкен борышты болып отырғанын айтты. Петропавл МТС-і, басқаны айтпағанда, тракторлардың жұмыс жоспарын да орындамады. МТС-тер дала жұмыстарын мезгілінде орындауға, мал шаруашылығындағы еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды толық механикаландыруға жетісе алмай келеді. Делегаттар облыстық партия комитетінің Петропавл МТС-інде тракторларды жөндеу жоспарының орындалмай қалу жөніндегі қаулысын біраўыздан қуаттап, МТС басшыларының тапсырылған жұмысқа жауапкершілік сезімдерін әлсіреткенін атап көрсетті. Делегаттар облыстық партия комитетінің қаулысынан кейін де Петропавл МТС-нің жұмысында өзгеріс шамалы екеніне, Асанов МТС-і де тракторларды жөндеуде төзгісіз артта қалып отырғанына тоқталды.

Петропавл МТС-нің комбайншысы Ким басшы кадрларға талапты әлсіреткені үшін аудандық партия комитетін әділ сынады.

—МТС директоры Любарьдің, — деді ол, коллективтен қол үзіп, дөрекілікке салынуы жөнінде облыстық баспасөз бетінде, аудандық партия комитетінің пленумында талай рет сөз болды. Бірақ, не пайда, аудандық партия комитеті төменнен көтерілген дабылға құлақ аспады. Мұның ақыры Любарьдің партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұрмалауына, көзбояушылыққа салынуына, тракторларды жөндеу жұмысын бетімен жіберуіне әкеліп соқты.

Петропавл МТС-нің жөндеу мастерскойының меңгерушісі Хайновский жолдас өзінің сөзінде станцияның бұрынғы директоры Любарь мен партия ұйымының саяси жұмыстың өзекті мәселелері жөнінде мардымды ештеңе айтылмады.

—Аудандық партия комитетінің Петропавл МТС-і аймағы жөніндегі секретары Тимошин жолдас колхозға оқта-текте ғана келеді,— деді Сталин атындағы колхоз партия ұйымының секретары Сергеев жолдас. — Партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде одан ешбір көмек ала алмайсыз. Нұсқаушы Айтжанов жөнінде де осыны айтуға болады. Ол егіс бригадалары мен мал фермаларында болғанда, колхозшы шаруалармен, үгітшілермен әңгімелесуді немесе бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде партия ұйымының секретарына кеңес беруді ескерген емес.

Буденный атындағы колхоздың председателі Шлыков, Фурманов атындағы колхоз партия ұйымының секретары Яговитин, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының председателі Ляшевич және басқа бірқатар жолдастар өздерінің сөздерінде басшы партия қызметкерлерінің бұқарамен жұмысқа жете мән бермеуін, аудандық комитеттің нұсқаушылар тобы формальды құрылғанын айтып, бұл жөнінде көптеген мысалдар келтірді.

Ляшевич жолдас кадрларды тәрбиелеу мәселесіне тоқтала келіп, аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитетінің кейбір басшы қызметкерлері әкімшілікке салынатынын айтты. Ол аудандық партия комитетінің секретары Қабдунасов жолдастың мәліметті уақытында бере қоймағаны үшін өзін орынсыз кінәлағаны жөнінде мысал келтірді. Бұл сынды Қабдунасов жолдас мойындады.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі нұсқаушысы Трофимова жолдас аудандық партия комитетінің секретарьлары топ қызметкерлерінің жұмысына басшылық пен бақылауды жеткіліксіз жасайтынын айтты.

Делегаттар Әбдуәлиев, Киселев, Маслова жолдастар артта қалған колхоздардың экономикасын көтеру мәселесіне назар аударды.

—Мұнан бірнеше ай бұрын аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Тимошин жолдас бір топ мамандармен Жамбыл атындағы колхозға келіп, оның шаруашылығын өркендету жөнінде шаралар белгіледі, —деді Әбдуәлиев жолдас. —Бірақ, не пайда, ол шаралар жүзеге асырылмай, қағаз жүзінде қалып қойды.

Аудандық комсомол комитетінің секретары Хрякова жолдас комсомол жұмысына назар аудармағаны үшін аудандық партия комитетін орынды сынады.

Петропавл МТС-і партия ұйымының секретары Бенделев жолдастың сөзі конференция делегаттарын қанағаттандырмады. Ол станция жұмысында орын алған кемшіліктерден өзін ақтауға тырысты. Осы себепті конференция делегатта-



МОСКВА. П. И. Чайковский атындағы Москваның мемлекеттік консерваториясы үйінің алдында ұлы орыс композиторы П. И. Чайковскийге орнатылған ескерткіш.

(СОТА-ның фотохроникасы).

## Жаңа совхоздар

Облысымыздың игерусіз жатқан далаларында жаңа астық фабрикалары ұйымдастырылуда. Қазір Ильич атындағы, Тамань дивизиясы атындағы және «Молодежный» астық совхоздарын ұйымдастыру жұмыстары басталды.

Тамань дивизиясы атындағы астық совхозын осы дивизия қатарынан запасқа шыққан жауынгерлер құрады. Бұл даңқты гвардиялық дивизияның ондаған жауынгерлері қазірдің өзінде жаңа совхоз құрылатын жерге келіп жұмыс істей бастады. Елуден астам таманьдықтар Свердлов қаласындағы механизация училищесінде оқып, арнаулы мамандық алғаннан кейін қайтып оралмақ. ССРО совхоздар министрлігінің бұрынғы қызметкерлері, қазір Тамань дивизиясы атындағы совхоздың директоры Польшин және бас агроном Осинина жолдастардың басшылығымен жас патриоттар жаңа совхоздың болашақ поселкесінің іргесін қалауға кірісе бастады. Қазір Ұзынкөл көлінің маңына құрамалы үйлер, жылытылған вагоншалар мен басқа да жабдықтар әкелінуде. Мұнда жақын арада үйлерді құрау және құрылыс материалдарын дайындау, қар тоқтату жұмыстары басталмақ.

Сасықкөл көлінің жағасында «Молодежный» жаңа совхозының алғашқы жұмысшылары орналаса бастады. Олар стандартты үйлерді жыйнау және қысқа жеткілікті отын дайындау жұмыстарын қызу жүргізуде. Болашақ поселканың орнына еліміздің түкпір-түкпірінен қажетті жабдықтар жеткізілуде.

## Тыңдағы селоларды радиоландыру және телефондандыру

## Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық елдердің Кеңесіне қатысатын ССРО делегациясының құрамы туралы

ССР Одағы Министрлер Советі Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық елдердің Кеңесіне қатысатын ССРО Делегациясын тағайындады.

Делегацияның құрамына мына адамдар кіреді: ССР Одағы Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов (делегация басшысы), ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші Орынбасары А. А. Громыко, РСФСР Министрлер Советінің Председателі А. М. Пузанов, Украин ССР-і Министрлер Советінің Председателі Н. Т. Кальченко, Белорусс ССР-і Министрлер Советінің Председателі К. Т. Мазуров, Латвия ССР-і Министрлер Советінің Председателі В. Т. Лацис, Эстон ССР-і Министрлер Советінің Председателі А. А. Мюрисеп, Литва ССР-і Министрлер Советінің Председателі М. А. Гедвилас, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары В. А. Зорин.

## Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық елдердің кеңесі

Кеше, 29 ноябрьде Москвада Москва уақыты бойынша 15 сағатта Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық елдердің Кеңесі ашылды. Кеңеске Албан Халық Республикасының, Болгар Халық Республикасының, Венгер Халық Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, Поляк Халық Республикасының, Румын Халық Республикасының, Советтік Социалистік Республикалар Одағының және Чехословак Республикасының делегациялары қатысуда.

Кеңеске бақылаушы ретінде Қытай Халық Республикасының өкілі қатысуда. Кеңесті ССРО делегациясының басшысы В. М. Молотов ашты. (СОТА).

## Автомотоклубта

Қаладағы автомотоклуб (бастығы Шепелев жолдас) қала жастарының сүйікті орындарының бірінен саналады. Мұнда ДОСААФ мүшелері автомобиль, мотоцикл жүргізуге үйренеді, радиотехникамен танысады. Бұл клуб жұмыс істей бастаған мерзімнің ішінде жүздеген шоферлар мен мотоцикл жүргізушілерді дайындап шығарды. Мұнда оларды дайындауға толық жағдай жасалған. Клубта әртүрлі маркадағы автомашиналар мен мотоциклдер, оларды жүргізуді үйренетін нұсқаушылар жұмыс істейді. Клуб коллективі жастардың шоферлік және мотоцикл жүргізу мамандықтарын алуға деген тілектерін толық қамтамасыз ету мақсатымен өндіріс орындарында және оқу орындарында өзінің оқу топтарын ұйымдастырып, оған басшылық ету үшін арнаулы нұсқаушылар бөліп отырады. Мәселен, өткен жылы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумындағы бастауыш ДОСААФ ұйымының жанынан шоферлар дайындайтын курс ұйымдастырылған болатын. Клуб бұл курстың оқушыларын көрнекі құралдармен толық қамтамасыз етіп, олардың өз мамандықтарын меңгеріп шығуына барлық жағдай жасады. Соның нәтижесінде курста оқыған 25 адамның барлығы да үшінші класс шоферлары правосын алды.

Сол сыяқты, клуб коллективінің көмегі арқасында Петропавл паровоз депосының 30-ға жуық жұмысшылары мен қызметкерлері «ИЖ—49», «К-125», тағы басқа маркалы мотоциклдарды жүргізуге үйреніп шықты. Быйылғы жылы клубта мотоцикл және автомашиналарды жүргізуді үйренушілердің бес тобы оқып жүр. Әр топқа инженер-нұсқаушылардан жетекшілер тағайындалған. Олар оқушылардың қалаған мамандықтарын толық меңгеруіне ... «Электр жабдықтары», «Көшеде жүру ережесі» атты фильмдер көрсетіледі. Мұның өзі оқушылардың өтілген материалдарды неғұрлым тез және терең меңгеруіне көмектесуде. Клубта ай сайын «За рулем» қабырға газеті шығарылып тұрады. Онда озат оқушылардың мақалалары және қоғамдық мүлікке дұрыс қарамайтын кейбір оқушылардың зыянды әдеттері жөнінде сын мақалалар жиі жазылады.

Автомотоклубтың нұсқаушылары қаламыздың өндіріс орындарында жұмыс істейтін шоферлардың өз мамандықтарын арттыра беруіне де үнемі көңіл бөліп отырады. Олар қала шоферларының арасында әртүрлі тақырыптарға лекциялар оқыйды. Мысалы, Борисенко жолдас Совхоздар министрлігінің автобазасында «Автотранспорттың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етейік», клубтың оқытушысы Шевелев жолдас «Союззаготтранс» мекемесі мен облыстық автомобиль басқармасының автобазасында «Еңбек тәртібін жақсарту —табыс кілті» деген тақырыптарда лекциялар оқыды.

Автомотоклуб коллективінің мотоспорт командасы жақсы жұмыс істеуде. Құрамында мотоциклшілер Игнатьев, Сорокин, Мамот жолдастар бар бұл команда өткен жылғы облыстық және республикалық жарыстарда жақсы нәтижелер көрсетті. Сонымен бірге Бүкілқазақстандық VII-спартакиадада жүз километрлік қашықтықтағы жарыста командалық үшінші орынға ие болды. Ал жеке адамдар арасында Мамот жолдас екінші орынды жеңіп алды.

Ленин ауданының Явленка селосында осы клубтың шоферлар дайындайтын арнаулы филиалы жұмыс істейді. Филиал

гектар овощь егісі шықпай қалды. Конференция делегаттары картоп пен овощь шаруашылығын өркендетудегі мұндай төзгісіз кемшіліктің себебін батыл ашты.

—Әңгіме мынада, —деді делегат Бацула жолдас, —овощь пен картоп аудан колхоздарының негізгі кәсібі болуға тиіс. Бірақ, амал не, бұл мәселеге мән бермеушіліктің зардабы бұл дақылдардан кем өнім алуға және егіс жоспарын орындамауға әкеліп соғып отыр.

Петропавл совхозының бас бухгалтері Михайлов жолдас өзі жұмыс істейтін совхозың овощь шаруашылығын өркендетуде кейін қалып отырғанын айта келіп, бағалы ұсыныс жасады. Ол совхозда овощь шаруашылығын өркендетудің кеңейтілген жоспарын жасауды, пайдаланылмай жатқан 70—80 гектар жерге овощь отырғызуды ұсынды. Егер Петро-

секретары Бенделев жолдастың жұмысты бірлесіп істей алмағандығы жөнінде айтты. МТС-те Любарь құғындаған мамандар партия ұйымынан қолдау таба алмады. Соңғы 3-4 ай ішінде МТС-тің бас агрономы үш рет ауысты. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы МТС-ті маман кадрлармен нығайту мәселелеріне немкетті қарап келеді.

Аудандық комитет, оның МТС аймақтары жөніндегі топ қызметкерлері партия басшылығын ауыл шаруашылығы өндірісіне жақындату жөнінде мардымды ештеңе істемеді. Аудандық комитет әлі де бұрынғыдай тек шаруашылық жұмыстармен шұғылданып, колхоздар мен МТС-терде және совхоздарда партиялық-саяси жұмыстың дәрежесін арттыра алмады. Сондықтан да Кабдунасов жолдастың есепті баяндамасында партиялық-

пе жасады.

Жарыссөзде барлығы 29 адам сөйледі. Конференцияның жұмысына облыстық партия комитетінің секретары Лосев жолдас қатысты. Ол өзінің сөзінде аудан партия ұйымының алдында тұрған міндеттерге тоқталды.

Конференция аудандық партия комитеті мен тексеру комиссиясының жаңа құрамын сайлады.

* * *

IX партия конференциясы сайлаған аудандық партия комитетінің бірінші пленумы болды. Пленумда аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына Петухов, екінші секретарлығына Пономарев, МТС аймақтары жөніндегі секретарлары болып Тимошин, Ширяев жолдастар сайланды.

құрылыс-монтаж басқармасының коллективі жаңа совхоздарды радиоландыру және телефондандыру жөнінде көп жұмыстар жүргізді. Қазір он жаңа совхозда радио тораптарын жабдықтау аяқталды, бір мыңнан астам радиоточкалар орнатылды.

Жамбыл атындағы, Булаев және Интернационал совхоздары телефон байланысымен толық қамтамасыз етілген. 1 декабрьге дейін тағы да бес совхозды телефондандыру жұмысы аяқталмақ. Сөйтіп үстіміздегі жылы жоспар бойынша бес совхоздың орнына сегіз совхоз телефон байланысымен қамтамасыз етіледі. Қазір Докучаев атындағы және Украин совхоздарында телефон байланысын орнату үшін алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізілуде.

ды. Бұл топтарда жүзге жуық жұмысшылар, оқушылар мен студенттер өндірістен қол үзбей-ақ шофер және мотоцикл жүргізуші мамандығына төселуде. Олардың оқуы мамандық бойынша теориялық білім алу үшін практикалық жұмыстармен тығыз байланыста жүргізіледі. Клубтың нұсқаушылары оқушылар арасында ғылми-техникалық тақырыптарда және мамандықтар бойынша арнаулы лекциялар оқып жүр. Сол сияқты, оларға қысқа метражды кинофильм көрсетілу де үзбей жүргізіледі. Мәселен, инженер-нұсқаушы Борисенко жолдас шоферлар тобында сабақ өткізген кезде автомашиналардың карбюраторлары жөніндегі материалмен байланыстыра отырып, «Карбюрация» фильмін көрсетті. Сонымен қатар клубқа

дан құрылған совхоздарда жұмыс істеу үшін көптеген шоферлар даярлап берді. Мұнда қазірде де ондаған жастар шофер мамандығын меңгеруде. Клуб үстіміздегі жылы № 2 темір жол училищесінде және ауылшаруашылық техникумында шоферлар дайындайтын курстар ұйымдастырмақ. Қазір бұл курстар үшін қажетті жабдықтар әзірленуде.

Автомотоклуб коллективі жақсы әзірлігі бар шоферлар дайындауда едәуір жұмыстар жүргізіп келді және жүргізе де бермек. Бұған мұнда толық мүмкіншілік бар. Ол мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, олар өз жұмыстарында бұдан да жақсы табыстарға жете беруге тиіс.

**С. БЕЙСЕНБАЕВ.**

*ҒЫЛМИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ӘҢГІМЕ*

# Дүниенің пайда болуы туралы

Дүние дегеніміз не? Дүниенің басы болған ба? Жердегі тіршілік қалай пайда болды? Адам қалай пайда болды?

Міне бұл сұрақтарға ғылым мен діннің беретін жауаптары әртүрлі. Інжілде былай делінген: дүниені, өсімдіктер мен жануарларды құдай алты күн ішінде жоқтан бар етіп, жаратыпты-мыс.

Ғылым мұндай діни ертегілерді жоққа шығарады. Бүкіләлемдік табиғат пен материяны ешкім де жаратқан жоқ, олар мәңгі өмір сүрген және әлі де мәңгі өмір сүре береді.

Материяның сақталуы жөніндегі заң—табиғаттың негізгі заңы. Бұл заңға материяның ең ұсақ, көзге көрінбейтін бөлшектерінен бастап аса ірі космикалық денелер—жұлдыздар мен планеталарға дейін бәрі де бағынады.

Табиғаттың аса терең сырларына бойлай енген адам ақылы әлем дегеніміз—материяның мәңгі қозғалысы екенін дәлелдеді. Әлем әрқашан да өмір сүрді және оның басталуы да, аяқталуы да жоқ. Бірақ аспан денелері —Жер, Күн, жұлдыздар системасы және басқалары —бұлардың бәрінің де басталуы бар, олай болса, ақыры да болуға тиіс. Алайда бұл бүкіл әлемнің құрып кетуі деген сөз емес.

Дүниені құдай жаратты дейтін діни ұғымға орыстың ұлы ғалымы Д. М. Менделеев қатты соққы берді. Ол ашқан элементтердің периодтық системасы «жердегі» мен «аспандағы» зат арасында айырма бар деген діни уағыздауды қостамайды. Әлемдегі барлық денелердің де заттары бәріне де бірдей тек әртүрлі қосылыстарда ғана болатын химиялық элементтерден тұрады.

Дәл соңғы уақытқа дейін буржуазиялық ғылымда аспан денелері және олардың ішінде жұлдыздар да бәрі бір мезгілде пайда болды деген пікір үстемдік етіп келді. Бұл пікір дүниені құдай жаратты дейтін інжіл ертегісіне дәлел ретінде алға қойылды. Алайда діни-идеалистік тұжырым толық жеңіліске ұшырады. Аса қуатты жаңа телескоптар біздін астрономдарымызға жұлдыздардың пайда болу процесі қазір де жүріп жатыр деген маңызды қорытындыға келуге мүмкіндік туғызды.

О. Ю. Шмиттің космогониялық теориясы мынаны айқын дәлелдейді: біздің Жер және сондай-ақ басқа да планеталар аса ірі, тозаң тәріздес, шоғырланған салқын массадан пайда болған. Ал бұл массаны біздің жұлдызымыз —Күн ертіп әкеткен. О. Ю. Шмиттің теориясы Кант-Лаплас теориясынан гөрі Жер мен басқа планеталардың пайда болу процесін әлдеқайда дұрыс түсіндіреді.

Жерде тіршілік қалай пайда болған?

Дін атаулының бәрінің де негізінде мынадай көзқарас жатыр: тіршілік дегеніміз «құдіреті күшті құдайдың» әмірімен болған іс; сол құдай өлі затқа жан бітірген; ал бұл жан—соларды қозғалтатын, сақтайтын күш.

Жердегі тіршіліктің пайда болуы жөніндегі мұндай ұғымды ғылым теріске шығарады. Ғылымның дәлелдегеніндей, жердегі тіршіліктің пайда болуы —дамудың ұзақ процесінің нәтижесі. Сондай-ақ, тірі организмдер алғаш пайда болған кезде қазіргі түрлеріне мүлде ұқсас болмаған. Жерде тіршіліктің жоқ, жер бетінде тек тау жыныстары, металдар, газдар, су ғана болған кезі де болды. Химиялық қосылыстардың аса ұзақ дамуы нәтижесінде ғана әуелде белоктық зат пайда болды, сөйтіп, өлі материя —белок тіршіліктің бастамасы болып табылды. Тірі белок —тірі денелердің негізгі құрылыс материалы. Онсыз тіршіліктің болуы мүмкін емес. Тірі белоктық заттың дамуы нәтижесінде одан клетка пайда болды.

Ал клетканың өзі қалай пайда болды? Осы жуырдағы уақытқа дейін көптеген ғалымдар неміс ғалымы Вирховтың идеалистік көзқарасын жақтап келді. Вирховтың тұжырымына қарағанда, тіршілік тек клетка бар жерде ғана бар, демек оның ойынша, клетка клеткадан туады. Олай болса, амалсыздан мынадай қорытындыға келген боламыз: бір кезде бір ғана клетка өмір сүрген, ал қалған клеткалар содан шыққан. Солай-ақ болсын делік, сонда алғашқы клетканың өзі қайдан пайда болған? Вирховтың метафизикалық ілімі алғашқы клетканы құдай жасаған дейтін қорытындыға итермелейді.

Тірі клетканың пайда болуы жөніндегі мәселені совет ғалымы О. Б. Лепешинская шешті. Көптеген тәжрибелер мен бақылаулар жасау арқылы ол Вирхов тұжырымына соққы берді. О. Б. Лепешинскаяның қорытындысы бойынша, тіршілік клеткадан емес, жабайы ғана белоктық түйірден, клеткасыз тірі материядан басталады. Клеткалар клеткалардың бөлінуі жолымен ғана емес, сонымен қатар клеткасыз тірі заттардан даму, жетілу арқылы да пайда болуға қабілетті.

Ғылымның жердегі тіршіліктің пайда болуы жөніндегі дұрыс ұғым үшін күресі ертеде-ақ басталды. Жердегі өсімдіктер мен жануарлардың көптеген түрі қалай пайда болғаны жөніндегі идеалистік және діни ұғымдарға Ч. Дарвин қатты соққы берді. Ол бүкіл органикалық дүние, оның ішінде адам да ұзақ дамудың нәтижесінде пайда болғанын көрсетіп, биологияға ең тұңғыш рет зерттеудің тарихи әдісін енгізді.

Дарвиннің ілімі кескілескен күрес туғызды. Алдыңғы қатарлы адамдар бұл ілімді құттықтап қарсы алды. Ал реакцияшылдар, дін иелері Дарвин іліміне қарсы шықты. Олардың бұл күресі әлі де тоқтаған жоқ.

Алайда Дарвин теориясының қате, осал жақтары да болды. Мәселен, ол тіршілік үшін күресудің ролін тым асыра бағалады. Мұндай теорияны Дарвин ағылшын попы Мальтустен қабылдаған болатын. Дарвиннің ілімі негізінен табиғаттың тек өткен тарихын ғана түсіндірді, ал адам мүддесі үшін табиғатты өзгерту мәселесі оның ілімінде ашылмай қалды.

Табиғат байлықтарын қалай пайдаға асыру, табиғатты қалай өзгерту, өсімдіктердің жаңа түрлерін қалай жасау керектігін көрсететін ғылымның негізін салушы орыстың ұлы ғалымы И. В. Мичурин болды. Ол табиғатты түсініп қою аз, оны меңгеру керек деп үйретті. Мичурин адамдар табиғатты өз мүддесі үшін өзгерте алады және өзгертуге тиіс деген қорытындыға келді. Табиғатты батыл өзгертуші ретінде еңбек етіп, ол алманың және басқа да жемістердің 300-ден астам жаңа сортын өсірді. Табиғаттың беретінін күтіп отыру емес, біздің міндетіміз оларды өзіміз жеңіп алу—міне, оның еңбегіндегі байлам осындай болды.

Тіршіліктің және адамның пайда болуы жөніндегі діни ұғымдарға қарсы шыға отырып, ғылым адамда екі бастама бар: олар жан және дене дейтін діни ілімді де жоққа шығарады.

Дін дене мен жан бір-біріне жаулық қатнаста болады деп үйретеді. Мәселен, діннің көрсетуінше дене күнә мен қарбаласқа толы жердегі өмірінде өзінің қажеттерін өтеуге ұмтылады, ал жан тек аспандағы өмірге мүдделі, өйткені онда ол мәңгілік рахат табмақ; өмірде адам неғұрлым жақсы тұрса, солғұрлым оның жанына жаман болады, ал жанды болашақ бейнеттен құтқару үшін өмірде денені азапқа салу керек. Міне, осының бәрі де еңбекшілерді қанау мақсатынан туған нәрсе екені өзінен-өзі көрініп тұр.

Қазіргі ғылым денеден бөлек өмір сүретін жан дегеннің болмайтынын дәлелдеді. Біз атап жүрген рухани (психикалық) өмір дегеніміз —біздің ойларымыз, сезімдеріміз, түйсіктеріміз —адам мыйының, демек аса жоғары жетілген материяның жемісі болып табылады.

Адамның алғыр ақылы мен ойы бізді қоршаған дүниенің көптеген құпия сырларын ашты. Бірақ олардың ішінде көбірек толғандырған жұмбақ біздің санамыз болды. Бұл мәселені шешуге орыстың XIX-XX ғасырдағы тамаша ғалымдары И. М. Сеченов пен И. П. Павловтың еңбектері көп көмек көрсетті.

И. М. Сеченов адам мыйының ойлау органы болып табылатынын көрсетті. Сондай-ақ, ол адамның психикалық іс-әрекетінің негізінде шартты және шартсыз рефлекс жатуға тиіс деген жорамал айтты.

Сеченовтың идеяларын онан әрі дамытушы және тереңдетуші И. П. Павлов болды. Оның орталық жүйке жүйесі туралы теориясы ғылымда жаңа дәуірдің есігін ашты. Адамдар мен жануарлар мыйы жұмысының негізінде рефлекстер жатады, деп бекітті Павлов. Бұл рефлекстердің бір бөлегі адам мен жануарлардың туу кезеңінде де болады. Мәселен, жұмыртқаны жаңа ғана тесіп шыққан үйрек балапаны суда жүзе бастайды. Мұндай туа және тұқым қуалаушы рефлекстерді Павлов шартсыз рефлекстер деп атады. Бұлардың тұрақтылық сыйпаты бар және көбінесе мүлде өзгермейді. Алайда бұдан басқа күрделі рефлекстер бар. Олар адамдар мен жануарларда тіршілік ету жағдайларының әсеріне байланысты қалыптасады. Бұларды Павлов шартты рефлекстер деп атады. Шартты рефлекстердің арқасында организм өзін қоршаған сыртқы дүниемен тығыз байланыс жасайды.

Павловтың ілімі және нанымдардың бірі —түске сенушіліктің іргесін шайқалтты. Алайда қазірдің өзінде ұйқыны жұмбақ құбылыс және мұны анықтауға ғылымның шамасы келмейді деп есептейтін адамдар әлі де кездеседі. Ұйқы жөніндегі осы сияқты, ұғымдар денеден бөлек жан өмір сүреді деген сенімге байланысты.

Ғылымның даму дәрежесіне қарай ұйқы құбылысы жүйке жүйесінің қызметімен дұрыс байланыстырыла басталды. Әуелде ғалымдар ұйқы жүйке қуатының әлсіреуінен туады деп топшылады. Алайда бұдан кейін ұйқының адам өмірінде белсенді роль атқаратыны, ұйқы кезінде адам қуатының қайта молығу процесі жүретіні, шаршап, қажыған жүйке және бұлшық ет жүйелері қайтадан шыйрағандай болатыны анықталды.

И. П. Павлов тамаша тәжрибелер және дәл бақылаулар жүргізудің көмегімен мыйды зерттей отырып, ұйқының басты себебін ашты. Павловтың ілімі бойынша, адам организмінің барлық функцияларын мый қабығы басқарады. Әрбір қас қаққандай қысқа уақыт сайын оған организмді қоршаған орта мен сол организмнің өз ішінде не болып жатқаны жөнінде хабарлар келіп отырады. Бұл уақытта жүйке жүйесінде бір-біріне қарама-қарсы екі процесс—қозу және тежеу процестері жүреді. Егер мый қабығының не ол не бұл клеткасы тынығуға мұқтаж болса, онда сырттан не организмнің өз ішінен келіп жатқан хабарларға қарамастан тежеу процесі басталады.

Ұйқы дегеніміз жүйке жүйесі қызметінің тежелуі болып табылады. Бұл тежелу бір мезгілдің ішінде мыйдың көптеген бөлегін қамтыйды. Ұйқы кезінде мый дем алады. Алайда ұйқы кезінде тежелу толық болмайды, өйткені мый қабығында жекелеген «кезекші» немесе күзетші пункттер ояу болады. Міне, осы пункттер арқылы организмді қоршаған сыртқы дүниемен байланыс жасалады. Мысалы, бала жыласымен-ақ, шешесі ұйқысынан дереу ояна қояды.

Ұйқы кезінде кейде түс көру құбылысы да болады. Адамның түс көру себептерін зерттей отырып, ғалымдар мынаны анықтады: түс көру ұйқы терең болмаған жағдайда, яғный мый толық тежелмегенде ғана болады. Ұйқы сергек болса, мыйдың жүйке клеткаларының жекелеген топтары тежелуден бос болады, қозады. Соның нәтижесінде адамды ояу кезінде толғандырған бейнелер, ниеттер, еске түсірулер және басқалары мыйда жандана бастайды. Адам ғажайып қызық түстер көреді. Мәселен, өзі бөлменің ішінде кроватьта ұйықтап жатса да, ол аспанда құс секілді ұшып жүреді, немесе мұзды шыңдарға өрмелейді. Бұлай болатын себебі, мыйдың жүйке клеткаларының жекелеген топтары тежелуден қалай болса солай, тәртіпсіз босанады және нағыз қыйсынсыз комбинациялар жасай бастайды.

Ғылым ұйқы және түс көрудің толығымен табиғи және түсіндіруге болатын құбылыстар екендігін дәлелдеді. Демек ұйқы жанның денеден шығып, «ұшып» кететінін көрсетпейді, қайта организмді қажудан сақтайтын, жүйке жүйесінің тозуына кедергі келтіретін организмнің қорғаныш қасиеті болып табылады.

Сонымен, ғылым дүниенің, жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы діни ертегілердің еңбекшілердің санасын уландыратын, ойдан шығарылған нәрсе екенін толық дәлелдейді.

**В. ЗОРИН,**

**ҚЛКЖО облыстық комитетінің лекторлар тобының жетекшісі.**

# № 18 Вокзал сайлау округі бойынша халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттар тіркеу туралы

## Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің қарары

**Петропавл қаласы № 866 26 ноябрь 1954 жыл**

Халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттар ұсыну жөніндегі Коммунистік партия ұйымдарынан, кәсіподақтары және басқа да қоғам ұйымдарынан түскен материалдарды қарап, «Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы Ереженің» 27-және 31-статьяларын басшылыққа ала отырып, қалалық Совет аткомі **қаулы етті:**

1. № 18 Вокзал сайлау округі бойынша халық судьялығына дауысқа түсу үшін Петропавл паровоз депосы мен темір жол станциясының жұмысшылары, қызметкерлері және инженер-техник қызметшілері коллективі ұсынған, 1923 жылы туған, СОКП мүшесі, Булаев жұмысшы поселкасында тұратын, Булаев аудандық заң консультациясының меңгерушісі Юрий Михайлович **Змеев** жолдас кандидат болып тіркелсін.

II. № 18 Вокзал сайлау округі бойынша халық заседательдігіне кандидат болып мына жолдастар тіркелсін:

1. **Алексеенко** Иван Семенович, 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, паровоз депосының устасы, депоның партия ұйымы ұсынған.

2. **Абросимова** Анастасия Федоровна, 1922 жылы туған, партияда жоқ, Панфилов [illegible]ындағы артельдің ақау табушысы, осы артельдің мүшелері ұсынған.

3. **Агеева** Анастасия Антоновна, 1925 жылы туған, партияда жоқ, екінші сигнализация және байланыс дистанциясының телефонисткасы, осы дистанцияның кәсіподақ ұйымы ұсынған.

4. **Ануфриев** Иван Гаврилович, 1908 жылы туған, СОКП мүшесі, «Казнефтеснабтың» құрылысшы-технигі, мұнай базасының қызметкерлер коллективі ұсынған.

5. **Алтынбаев** Ахмет, 1925 жылы туған, СОКП мүшесі, кондукторлар резервінің бас кондукторы, кондукторлар резервінің партия ұйымы ұсынған.

6. **Бурковская** Валентина Селиверстовна, 1928 жылы туған, партияда жоқ, сырлаушы, кәсіподақ ұйымы ұсынған.

7. **Бейсекеев** Ақанай Ырысқайұлы, 1904 жылы туған, партияда жоқ, проводниктер резервінің проводнигі, проводниктер резервінің қызметкерлер коллективі ұсынған.

8. **Воронина** Анна Васильевна, 1928 жылы туған, партияда жоқ, паровоз депосының бұрғылаушысы, депоның жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

9. **Ғизатуллин** Темірхан, 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, паровоз депосының машинисі, депоның жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

...ропавл станциясының паровоз депосының электрмен болат балқытушысы, паровоз депосының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

24. **Ильина** Рима Ефимовна, 1928 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, Петропавл құрылыс басқармасының секретарь-машинисткасы, осы басқарманың комсомол ұйымы ұсынған.

25. **Исаева** Анна Семеновна, 1923 жылы туған, партияда жоқ, паровоз депосының жұмысшысы, депоның жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

26. **Исайченко** Артем Иванович, 1892 жылы туған, партияда жоқ, Петропавл станциясы бақылау постысының кеңсе күтушісі, станцияның қызметкерлер коллективі ұсынған.

27. **Қадіров** Ғалым Нафиқұлы, 1913 жылы туған, СОКП мүшесі, вагон депосының вагондардың аға бақылаушысы, вагон участогінің партия ұйымы ұсынған.

28. **Клименко** Ольга Иосифовна, 1925 жылы туған, партияда жоқ, вагон депосының инженер-экономисі, осы депоның және вагон участогінің партия ұйымы ұсынған.

29. **Коротина** Ольга Яковлевна, 1916 жылы туған, партияда жоқ, вагон участогінің аға бухгалтері, вагон участогі мен вагон депосының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

30. **Короткевич** Федор Николаевич, 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, үйлер мен құрылыстардың 2 дистанциясындағы моншаның бригадирі, осы дистанцияның партия ұйымы ұсынған.

31. **Кулишова** Раиса Ивановна, 1930 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, спирткомбинаттың купажисі, осы комбинаттың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

32. **Кузнецова** Мария Леонидовна, 1907 жылы туған, СОКП мүшесі, НОД-2 жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің № 11 асханасының меңгерушісі, осы бөлімнің партия ұйымы ұсынған.

33. **Ктитаров** Михаил Никифорович, 1910 жылы туған, партияда жоқ, НОД-2 жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің аға бухгалтері, осы бөлімнің қызметкерлер коллективі ұсынған.

34. **Колчанова** Клавдия Ивановна, 1914 жылы туған, СОКП мүшесі, теміржол поликлиникасының фельдшері, біріккен теміржол ауруханасының партия ұйымы ұсынған.

35. **Кошкарова** Клара Георгиевна, 1929 жылы туған, партияда жоқ, проводниктер резервінің проводнигі, проводниктер резервінің қызметкерлер коллективі ұсын-

...

49. **Пятакова** Наталия Владимировна, 1925 жылы туған, СОКП мүшесі, вагон депосының вагон байқаушысы, вагон депосы мен вагон участогінің партия ұйымы ұсынған.

50. **Пелухин** Павел Порфирьевич, 1919 жылы туған, СОКП мүшесі, Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

51. **Плотников** Иван Степанович, 1922 жылы туған, СОКП мүшесі, 5 жол дистанциясы техникалық мастерскойының токарі, осы дистанцияның партия ұйымы ұсынған.

52. **Половешова** Любовь Георгьевна, 1920 жылы туған, СОКП мүшесі, дайындау министрлігінің облыстық өкілінің аға экономисі, осы өкілдіктің жұмысшылар мен қызметшілер коллективі ұсынған.

53. **Полыкская** Раиса Павловна, 1926 жылы туған, партияда жоқ, 2 үйлер мен құрылыстар дистанциясының бухгалтері, осы дистанцияның жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

54. **Петрушин** Никифор Игнатьевич, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, контейнер-транспорт экспедициялық мекемесі жүк тиеу пунктінің бастығы, осы мекеменің партия ұйымы ұсынған.

55. **Перекидайлова** Фекла Григорьевна, 1906 жылы туған, СОКП мүшесі, 2 құрылыс участогінің мотористі, осы участоктің коллективі ұсынған.

56. **Ряхова** Галина Михайловна, 1907 жылы туған, СОКП мүшесі, Петропавл станциясының кеңсе күтушісі, станцияның партия ұйымы ұсынған.

57. **Солдаткина** Таисия Степановна, 1925 жылы туған, СОКП мүшесі, қалалық партия ұйымы ұсынған.

58. **Семенов** Иван Александрович, 1909 жылы туған, СОКП мүшесі, Ленин атындағы клубтың аға киномеханигі, аудандық кәсіподақ Советінің партия ұйымы ұсынған.

59. **Саврасова** Анастасия Андреевна, 1894 жылы туған, СОКП мүшесі, үйлер мен құрылыстардың 2 дистанциясының моншашысы, осы дистанцияның жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

60. **Сорокина** Василиса Ивановна, 1917 жылы туған, партияда жоқ, спирткомбинатының бухгалтері, осы комбинаттың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

61. **Сураев** Павел Акимович, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, НОД-2 жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің № 21 асханасының меңгерушісі, осы бөлімнің қызметкерлер коллективі ұсынған.

62. **Сторцов** Сергей Михайлович, 1915 жылы туған, партияда жоқ, 2 сигнализа-

# № 19 Сталин сайлау округі бойынша халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттар тіркеу туралы

## Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің қарары

**Петропавл қаласы № 867 26 ноябрь 1954 жыл**

Халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттар ұсыну жөніндегі Коммунистік партия ұйымдарынан, кәсіподақтар және басқа да қоғам ұйымдарынан түскен материалдарды қарап, «Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы Ереженің» 27-және 31- статьяларын басшылыққа ала отырып, қалалық Совет аткомі **қаулы етті:**

1. № 19 Сталин сайлау округі бойынша халық судьялығына дауысқа түсу үшін ет комбинатының, аяқкиім фабрикасының және облыстық құрылыс-монтаж мекемесінің жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған, 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, Коммунист көшесі, № 55-үйде тұрушы, 4-участоктік халық сотының судьясы Лидия Андреевна **Груднистая** кандидат болып тіркелсін.

II. № 19 Сталин сайлау округі бойынша халық заседательдігіне кандидат болып мына жолдастар тіркелсін:

1. **Алехина** Валентина Арефьевна, 1915 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

2. **Әбдіхалықов** Әліш, 1901 жылы туған, СОКП мүшесі, ет комбинаты шұжық цехының ет сылушысы, комбинаттың жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері ұсынған.

3. **Ашанина** Татьяна Васильевна, 1925 жылы туған, партияда жоқ, облыстық құрылыс-монтаж мекемесінің қойма меңгерушісі, осы мекеменің қызметкерлер коллективі ұсынған.

4. **Алешкина** Александра Ивановна, 1914 жылы туған, партияда жоқ, құрылыс басқармасының жұмысшысы, осы басқарманың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

5. **Ануфриев** Семен Игнатьевич, 1900 жылы туған, партияда жоқ, «Заготзерноның» тара-жөндеу мастерскойының аспаншы-слесарі, осы мастерскойдың қызметкерлер коллективі ұсынған.

6. **Балашов** Николай Георгиевич, 1901 жылы туған, СОКП мүшесі қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

7. **Безбородов** Николай Романович, 1908 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

8. **Боброва** Татьяна Илларионовна, 1905 жылы туған, партияда жоқ, ет-консерв комбинатының жұмысшысы, осы комбинаттың жұмысшылары мен қызметшілері ұсынған.

9. **Борков** Георгий Евгеньевич, 1900 жылы туған, партияда жоқ, ет-консерв комбинатының слесарі, осы комбинаттың «Пищевик» ерікті спорт қоғамы ұсынған.

10. **Борисенко** Мария Егоровна, 1920 жылы туған, партияда жоқ, қалалық байланыс мекемесінің аға бақылаушысы, осы мекеменің жұмысшы-қызметшілер коллективі ұсынған.

...тебінің оқытушысы, осы мектептің коллективі ұсынған.

23. **Дабысқалиева** Мәриям Дабысқалиқызы, 1916 жылы туған, СОКП мүшесі, № 5 қазақ орта мектебі интернатының тәрбиешісі, осы мектептің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

24. **Денисова** Матрена Егоровна, 1917 жылы туған, партияда жоқ, нан комбинатының жұмысшысы, осы комбинаттың жұмысшы, қызметшілер коллективі ұсынған.

25. **Дьякова** Матрена Яковлевна, 1925 жылы туған, партияда жоқ, аяқкиім фабрикасының бухгалтері, осы фабриканың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

26. **Емельянова** Анна Владимировна, 1912 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

27. **Жовтяк** Федор Михайлович, 1907 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

28. **Журавлев** Федор Викторович, 1925 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, қалалық комсомол ұйымы ұсынған.

29. **Зовенко** Сергей Максимович, 1907 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

30. **Зинченко** Анна Александровна, 1915 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

31. **Иващенко** Петр Егорович, 1911 жылы туған, СОКП мүшесі, 1-май атындағы артельдің цех мастері, осы артельдің партия ұйымы ұсынған.

32. **Иванов** Иван Дмитриевич, 1909 жылы туған, СОКП мүшесі, «Главмука» завод басқармасының механикалық мастерскойының меңгерушісі, осы басқарманың ДОСААФ ұйымы ұсынған.

33. **Кобылин** Иван Варфоломеевич, 1894 жылы туған, партияда жоқ, аяқкиім фабрикасының мастері, осы фабриканың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

34. **Колесников** Артем Александрович, 1909 жылы туған, СОКП мүшесі, таразы заводының бақылаушы мастері, осы заводтың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

35. **Копотилов** Николай Спиридонович, 1923 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

36. **Коверзин** Семен Прокопьевич, 1919 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

37. **Красноперова** Валерия Павловна, 1921 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

38. **Лапшин** Алексей Алексеевич, 1907 жылы туған, СОКП мүшесі, ет-консерв комбинатының қараул бастығы, осы комбинаттың жұмысшы, инженер-техник қызметкерлер коллективі ұсынған.

39. **Литовченко** Николай Петрович, ...

...құрылыс-монтаж мекемесінің слесарь-монтажшысы, осы мекеменің жұмысшылары мен қызметшілері ұсынған.

50. **Рябова** Анастасия Кузьминична, 1914 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық құрылыс-монтаж мекемесінің инженері, осы мекеменің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

51. **Радомская** Вера Максимовна, 1926 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

52. **Сенченко** Степан Михайлович, 1919 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

53. **Сергеев** Иван Федорович, 1920 жылы туған, партияда жоқ, қаланың ДОСААФ ұйымы ұсынған.

54. **Сидорова** Вера Васильевна, 1926 жылы туған, партияда жоқ, ет-консерв комбинатының экономисі, осы комбинаттың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері ұсынған.

55. **Саликова** Вера Андреевна, 1923 жылы туған, партияда жоқ, облыстық құрылыс-монтаж мекемесінің шофері, осы мекеменің қызметкерлер коллективі ұсынған.

56. **Селипанов** Владимир Гаврилович, 1920 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық құрылыс-монтаж мекемесінің шофері, осы мекеменің Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

57. **Степанов** Павел Николаевич, 1897 жылы туған, партияда жоқ, № 7 жетіжылдық мектептің оқытушысы, осы мектептің оқытушылар коллективі ұсынған.

58. **Струков** Валентин Григорьевич, 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

59. **Сергеев** Лев Николаевич, 1928 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, қалалық комсомол ұйымы ұсынған.

60. **Самойлова** Мария Петровна, 1919 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

61. **Солодов** Борис Григорьевич, 1908 жылы туған, СОКП мүшесі, «Главмука» завод басқармасының вахтері, осы басқарманың қызметкерлер коллективі ұсынған.

62. **Телсеная** Александра Митрофановна, 1923 жылы туған, СОКП мүшесі, ет-консерв комбинатының пропускілер бюросы бастығының көмекшісі, осы комбинаттың жұмысшылары мен қызметшілер коллективі ұсынған.

63. **Тоқтаров** Хабиболла, 1907 жылы туған, партияда жоқ, «Главмука» завод басқармасының вахтері, осы басқарманың ДОСААФ ұйымы ұсынған.

64. **Федоров** Иван Васильевич, 1907 жылы туған, СОКП мүшесі, протез мастерскойының етікшісі, осы мастерскойдың қызметкерлер коллективі ұсынған.

65. **Федорова** Александра Андреевна, 1913 жылы туған, СОКП мүшесі, қала-

10. Гладилов Александр Никифорович, 1917 жылы туған, партияда жоқ, вагон депосының слесарі, вагон депосы мен вагон участогінің Қызыл Крест қоғамы ұсынған.

11. **Габченко** Петр Андреевич, 1912 жылы туған, партияда жоқ, 5 жол дистанциясы механикалық мастерскойының электр пісірушісі, дистанцияның жұмысшы, инженер -техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

12. **Горинова** Антонина Ивановна, 1919 жылы туған, СОКП мүшесі, жол бөлімшесі кадр бөлімінің іс жүргізушісі, бөлімшенің партия ұйымы ұсынған.

13. **Громова** Анастасия Васильевна, 1901 жылы туған, партияда жоқ, Петропавл станциясы ресторанының буфетшісі, ресторанның жұмысшы және қызметшілер коллективі ұсынған.

14. **Григорьев** Максим Данилович, 1910 жылы туған, СОКП мүшесі, пенсионер, № 20 кәсіпнер училищесінің партия ұйымы ұсынған.

15. **Доронин** Иван Филиппович, 1908 жылы туған, партияда жоқ, паровоз депосының слесарі, паровоз депосының жұмысшылары, инженер- техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

16. **Дробышевский** Иван Михайлович, 1896 жылы туған, СОКП мүшесі, үйлер мен құрылыстардың екінші дистанциясындағы моншаның бригадирі, осы дистанцияның жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

17. **Двойнина** Антонина Гурьяновна, 1912 жылы туған, партияда жоқ, темір жол ресторанының официанткасы, ресторанның қызметкерлер коллективі ұсынған.

18. **Дмитриев** Василий Семенович, 1901 жылы туған, партияда жоқ, кондукторлар резервінің бас кондукторы, кондукторлар резервінің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

19. **Есина** Клавдия Павловна, 1928 жылы туған, партияда жоқ, НОД-2 жұмысшыларды жабдықтау бөлімі тігін мастерскойының пішушісі, осы мастерскойдың қызметшілер коллективі ұсынған.

20. **Есин** Иван Дмитриевич, 1900 жылы туған, партияда жоқ, проводниктер резервінің проводниті, проводниктер резервінің қызметшілер коллективі ұсынған.

21. **Зубарева** Вера Петровна, 1923 жылы туған, партияда жоқ, кәсіподақ ұйымы ұсынған.

22. **Зубченко** Максим Васильевич, 1898 жылы туған, партияда жоқ, екінші құрылыс участогінің ағаш шебері, осы участоктің қызметшілер коллективі ұсынған.

23. **Исаченко** Клавдия Кирилловна, 1919 жылы туған, партияда жоқ, Пет-

36. **Ломоносова** Таисия Павловна, 1912 жылы туған, партияда жоқ, мұнай базасының диспетчері, мұнай базасының қызметкерлер коллективі ұсынған.

37. **Монастырская** Мария Алексеевна, 1927 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, паровоз депосының бұрғылаушысы, осы депоның комсомол ұйымы ұсынған.

38. **Матырий** Андрей Владимирович, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, 5 жол дистанциясының механикаландырылған оксл.дкасының шофері, осы дистанцияның жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

39. **Мельниченко** Александра Захаровна, 1918 жылы туған, СОКП мүшесі, Петропавл станциясының вокзал бойынша кезекшісі, станцияның кәсіподақ ұйымы ұсынған.

40. **Никишкова** Ольга Григорьевна, 1908 жылы туған, СОКП мүшесі, паровоз депосының мотористкасы, осы депоның партия ұйымы ұсынған.

41. **Нуржанов** Зияда, 1916 жылы туған, СОКП мүшесі, паровоз депосы дайындау цехының бригадирі, осы депоның партия ұйымы ұсынған.

42. **Новиков** Николай Игнатьевич, 1919 жылы туған, СОКП мүшесі, коммунальдық тұрғын үй бөлімінің бастығы, Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

43. **Новалов** Иван Иванович, 1902 жылы туған, партияда жоқ, 5 жол дистанциясының ағаш шебері, осы дистанцияның жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

44. **Несвеpo** Лидия Григорьевна, 1924 жылы туған, СОКП мүшесі, № 2 теміржол училищесінің секретарь- машинисткасы осы училищенің оқытушылар, мастерлер және қызметшілер коллективі ұсынған.

45. **Никандров** Василий Никандрович, 1900 жылы туған, партияда жоқ, 2 сигнализация және байланыс дистанциясының электр монтері, осы дистанцияның партия ұйымы ұсынған.

46. **Омельченко** Валентина Семеновна, 1926 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, паровоз депосының бухгалтері, осы депоның комсомол ұйымы ұсынған.

47. **Поляков** Михаил Никифорович, 1910 жылы туған, СОКП мүшесі, паровоз депосы секциондық цехының мастері, осы депоның партия ұйымы ұсынған.

48. **Попова** Екатерина Наумовна, 1916 жылы туған, партияда жоқ, вагон депосының бұрғылаушысы, вагон депосы мен вагон участогінің инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

электр механигі, осы дистанцияның жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

63. **Спекторенко** Мария Федоровна, 1931 жылы туған, партияда жоқ, № 20 кәсіпнер училищесінің бухгалтері, осы училищенің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

64. **Тенова** Зоя Александровна, 1915 жылы туған, партияда жоқ, вагон депосының вагон ағытушысы, вагон депосы мен вагон участогінің инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

65. **Трофимова** Мария Филипповна, 1927 жылы туған, СОКП мүшесі, темір жол электр станциясының технигі, осы электр станциясының жұмысшылар мен қызметшілер коллективі ұсынған.

66. **Тукало** Николай Леонтьевич, 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, НОД-2 жұмысшыларды жабдықтау бөлімі магазинінің меңгерушісі, осы бөлімнің партия ұйымы ұсынған.

67. **Фролков** Архип Варламович, 1903 жылы туған, партияда жоқ, 5 жол дистанциясының аға жол қараушы жұмысшысы, осы дистанцияның жұмысшылар, инженер- техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

68. **Хромцов** Василий Яковлевич, 1916 жылы туған, СОКП мүшесі, вагон депосының аға вагон бақылаушысы, вагон участогінің партия ұйымы ұсынған.

69. **Харченко** Алексей Сергеевич, 1928 жылы туған, партияда жоқ, вагон депосының бригадирі, вагон участогі мен вагон депосының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

70. **Харченко** Василий Макарович, 1923 жылы туған, партияда жоқ, вагон депосының бригадирі, теміржол бөлімшесінің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

71. **Хомэнко** Григорий Петрович, 1904 жылы туған, партияда жоқ, Петропавл станциясының тоңазытқыш пунктінің меңгерушісі, станцияның қызметкерлер коллективі ұсынған.

72. **Шкуратова** Зоя Ивановна, 1922 жылы туған, партияда жоқ, темір жол ресторанының аға официанткасы, осы ресторанның қызметкерлер коллективі ұсынған.

73. **Яровая** Ольга Ивановна, 1915 жылы туған, партияда жоқ, депоның есепшісі, паровоз депосының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

74. **Яковлев** Федор Ефстарьевич, 1898 жылы туған, СОКП мүшесі, кондукторлар резервінің бас кондукторы, кондукторлар резервінің партия ұйымы ұсынған.

75 **Яценко** Валентина Максимовна, 1921 жылы туған, СОКП мүшесі, № 46 мектептің оқытушысы, осы мектептің партия ұйымы ұсынған.

**Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің председателі**
**М. ВОТЯКОВ.**
**Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің секретары.**
**Ю. ПЛОТНИКОВА.**

11. **Барышников** Николай Егорович, 1912 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

12. **Белокурова** Мария Михайловна, 1892 жылы туған, СОКП мүшесі, пенсионерка, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

13. **Большедворов** Михаил Яковлевич, 1903 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

14. **Гришин** Максим Ефимович, 1901 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

15. **Герасимов** Тимофей Тимофеевич, 1920 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

16. **Гора** Иван Васильевич, 1906 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

17. **Гончикова** Анна Ивановна, 1903 жылы туған, партияда жоқ, «Главмука» завод басқармасының қабылдаушысы, осы басқарманың коллективі ұсынған.

18. **Васильева** Ксения Николаевна, 1925 жылы туған, партияда жоқ, аяқ-киім фабрикасы, мастердің көмекшісі, осы фабриканың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

19. **Вострикова** Елена Ефимовна, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, 1- май атындағы артельдің цех бастығы, осы артельдің Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

20. **Воронова** Мария Максимовна, 1926 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

21. **Демина** Елизавета Александровна, 1914 жылы туған, СОКП мүшесі, Дайындау министрлігінің облыстық басқармасы өкілінің көмекшісі, осы басқарманың қызметкерлер коллективі ұсынған.

22. **Дәрібаев** Ескендір, 1916 жылы туған, СОКП мүшесі, № 5 қазақ орта мек-

1924 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

40. **Латыпова** Разия Жиһаншақызы, 1921 жылы туған, СОКП мүшесі, «Труд» артелінің кассирі, осы артельдің мүшелері ұсынған.

41. **Миронов** Аркадий Иосифович, 1914 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

42. **Наумова** Надежда Андреевна, 1911 жылы туған, СОКП мүшесі, ет-консерв комбинатының телефонисткасы, осы комбинаттың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

43. **Овсейчик** Николай Иванович, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

44. **Пустогова** Вера Куприяновна, 1920 жылы туған, партияда жоқ, «Главтракторсбыттың» аға товароведі, «Облавтотракторсбыттың» қызметкерлер коллективі ұсынған.

45. **Попович** Александр Тихонович, 1911 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

46. **Петровская** Наталья Прокопьевна, 1909 жылы туған, СОКП мүшесі, ет-консерв комбинатының стерилизация мастері, осы комбинаттың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

47. **Пюро** Рахила Нурикызы, 1925 жылы туған, партияда жоқ, облыстық құрылыс-монтаж мекемесінің қоймашысы, осы мекеменің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

48. **Помазан** Григорий Иванович, 1926 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

49. **Райко** Иван Афанасьевич, 1911 жылы туған, партияда жоқ, облыстық

66. **Федоров** Иван Захарович, 1914 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

67. **Хевролина** Анна Федоровна, 1922 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

68. **Харитонов** Геннадий Иванович, 1917 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

69. **Хабаров** Михаил Ильич, 1926 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың Коммунистік партия ұйымы ұсынған

70. **Хасенова** Ркеш Шайкенқызы, 1928 жылы туған, СОКП мүшесі, аудандық комсомол комитетінің есеп секторының меңгерушісі, қалалық партия комитетінің коллективі ұсынған.

71. **Черемных** Нина Алексеевна, 1928 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, ет-консерв комбинатының аға мастері, осы комбинаттың комсомол ұйымы ұсынған.

72. **Чурин** Георгий Семенович, 1924 жылы туған, партияда жоқ, монша-шаштараз комбинатының шаштараз-мастері, осы комбинаттың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

73. **Шацкая** Елена Федоровна, 1909 жылы туған, СОКП мүшесі, ет-консерв комбинатының операция цехының закатчигі, осы комбинаттың жұмысшылары мен қызметшілері ұсынған.

74. **Шакимбаев** Николай Васильевич, 1921 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

75. **Шестакова** Зинаида Дмитриевна, 1914 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

**Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің председателі**
**М. ВОТЯКОВ.**
**Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің секретары**
**Ю. ПЛОТНИКОВА.**

# № 20 Комсомол сайлау округі бойынша халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттар тіркеу туралы

## Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің қарары

Петропавл қаласы — № 868 — 26 ноябрь 1954 жыл

Халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттар ұсыну жөніндегі Коммунистік партия ұйымдарынан, кәсіподақтары және басқа да қоғам ұйымдарынан түскен материалдарды қарап, «Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы Ереженің» 27-және 31-статьяларын басшылыққа ала отырып, қалалық Совет аткомі **қаулы етті:**

1. № 20 Комсомол сайлау округі бойынша халық судьялығына дауысқа түсу үшін кәсіпорындары коллективтері ұсынған, 1924 жылы туған, СОКП мүшесі, Базарбаев көшесі № 152-үйде тұрушы, 5-участоктік халық сотының судьясы Иван Кузьмич **Лобынцев** кандидат болып тіркелсін.

II. № 20 Комсомол сайлау округі бойынша халық заседательдігіне кандидат болып мына жолдастар тіркелсін:

1. **Абрамов** Александр Васильевич, 1922 жылы туған, партияда жоқ, жылу-энергия орталығының токарі, осы кәсіпорнының коллективі ұсынған.

2. **Алексеев** Григорий Ефремович, 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, мемлекеттік банктің облыстық мекемесінің инкассаторы, осы мекеменің қызметкерлер коллективі ұсынған.

3. **Алексеева** Валентина Герасимовна, 1926 жылы туған, партияда жоқ, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің инспекторы, осы мекеменің қызметкерлер коллективі ұсынған.

4. **Боголюбов** Николай Иванович, 1913 жылы туған, партияда жоқ, № 2 диірменнің күзетшісі, «Сельхозмука» завод басқармасы қызметкерлерінің коллективі ұсынған.

5. **Бикбова** Зальфар Измаиловна, 1929 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, базаның товароведі, қалалық сауда мекемесінің Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

6. **Белик** Наталья Яковлевна, 1911 жылы туған, СОКП мүшесі, үй шаруасындағы әйел, қалалық сауда мекемесінің Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

(Соңы 4-бетте).

# № 20 Комсомол сайлау округі бойынша халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттар тіркеу туралы

## Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің қарары

**Петропавл қаласы № 868 . 26 ноябрь 1954 жыл**

(Соңы. Басы 3-бетте)

7. **Быкова** Александра Ильинична, 1928 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, 1 май атындағы артельдің үлгі цехының бастығы, осы артельдің бастауыш комсомол ұйымы ұсынған.

8. **Бучельникова** Александра Ефимовна, 1924 жылы туған, партияда жоқ, элеватордың моторисі, элеватордың қызметкерлер коллективі ұсынған.

9. **Басько** Надежда Тимофеевна, 1923 жылы туған, партияда жоқ, қаланың Қызыл Крест қоғамының мүшелері ұсынған.

10. **Бичурин** Семен Осипович, 1894 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

11. **Белова** Пелагея Никитична, 1913 жылы туған, партияда жоқ, сауда базаларының секретарь- машинисткасы, осы базалардың жұмысшылары мен қызметшілер коллективі ұсынған.

12. **Владимиров** Иван Георгиевич, 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, «Заготживсырье» базасының экспедиторы, осы базаның коллективі ұсынған.

13. **Гуляева** Надежда Ивановна, 1928 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, қалалық сауда мекемесі өнеркәсіп комбинатының мастері, осы комбинаттың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

14. **Горбатовская** Нина Борисовна, 1929 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, аяқкиім фабрикасы цехының заросчигі, осы фабриканың комсомол ұйымы ұсынған.

15. **Грамастикова** Анна Федоровна, 1925 жылы туған, партияда жоқ, материалдық-техникалық жабдықтау басқармасының бухгалтері, осы басқарманың қызметкерлер коллективі ұсынған.

16. **Грачев** Алексей Иванович, 1908 жылы туған, СОКП мүшесі, жылу-энергия орталығының аға кочегары, осы кәсіпорнының қызметкерлері ұсынған.

17. **Гаткер** Ефим Львович, 1899 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

18. **Дедусенко** Анисим Алексеевич, 1915 жылы туған, СОКП мүшесі, құрылыс бастығы басқармасының тұрғын үй-коммуналдық бөлімінің бастығы, осы басқарманың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

19. **Диденко** Федор Михайлович, 1916 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

20. **Журавлев** Василий Епифанович. 1913 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

21. **Жылқыбаев** Нұрғали, 1894 жылы туған, партияда жоқ, ет-консерв комбинатының мал союшысы, осы комбинаттың қызметкерлер коллективі ұсынған.

26. **Казаченко** Яков Леонтьевич, 1906 жылы туған, СОКП мүшесі, тасымал базасының экспедиторы, материалдық-техникалық жабдықтау басқармасы қызметкерлерінің коллективі ұсынған.

27. **Қадыров** Зариф Нагимұлы, 1930 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

28. **Коблуков** Дмитрий Васильевич, 1923 жылы туған, партияда жоқ, құрылыс басқармасы гаражының диспетчері, осы басқарманың қызметкерлер коллективі ұсынған.

29. **Киселев** Генадий Иванович, 1926 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, жылу-энергия орталығының кочегары, осы кәсіпорнының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

30. **Кондратов** Николай Яковлевич, 1917 жылы туған, партияда жоқ, жылу-энергия орталығының техникалық жұмыс бөлімінің бастығы, осы кәсіпорнының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

31. **Козлова** Екатерина Федоровна, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, жылу-энергия орталығының су қараушысы, осы кәсіпорнының Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

32. **Кондрашин** Виктор Тарасович, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, шаштаразшы, жылу-энергия орталығының Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

33. **Ким** Павел Михайлович, 1926 жылы туған, партияда жоқ, мемлекеттік банктың облыстық мекемесінің механигі, осы мекеменің кәсіподақ ұйымы ұсынған

34. **Канская** Людмила Захаровна, 1918 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

35. **Коцарева** Евгения Филипповна, 1917 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық денсаулық сақтау мекемесінің инспекторы, осы мекеменің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

36. **Литвиненко** Вера Кирилловна. 1931 жылы туған, партияда жоқ, протез мастерскойының әбзелшісі, осы мастерскойдың қызметкерлер коллективі ұсынған.

37. **Лаптев** Спиридон Филиппович, 1892 жылы туған, СОКП мүшесі, 1 май атындағы артельдің техноругі, осы артельдің ДОСААФ бастауыш ұйымының мүшелері ұсынған.

38. **Ленденгольц** Рафаил Израилович, 1904 жылы туған. СОКП мүшесі, механикалық техникумның қойма меңгерушісі, осы техникумның оқушылары мен оқытушылары ұсынған.

39. **Лапушинский** Герасим Андреевич. 1914 жылы туған, партияда жоқ, жылу-энергия орталығының бу турбинасының

44. **Макарова** Зинаида Харитоновна, 1927 жылы туған, СОКП мүшесі, элеватордың нормировщигі, элеватордың жұмысшылары мен қызметшілер коллективі ұсынған.

45. **Мошечков** Иван Степанович, 1899 жылы туған, СОКП мүшесі, жылу-энергия орталығының су жабдықтау мастері, осы кәсіпорнының Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

46. **Митюра** Алексей Александрович, 1929 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, Киров атындағы заводтың бас конструкторлық бюросының аға инженері осы заводтың комсомол ұйымы ұсынған.

47. **Мұратова** Әсия Софыйқызы, 1923 жылы туған, СОКП мүшесі, Киров атындағы завод цехының жоспарлаушысы, осы заводтың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

48. **Малышкина** Татьяна Григорьевна, 1924 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

49. **Медведева** Александра Ивановна, 1926 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

50. **Несветеева** Валентина Николаевна, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық аурухананың акушеркасы, осы аурухананың қызметкерлер коллективі ұсынған.

51. **Нашырбаев** Тілеубай, 1922 жылы туған, партияда жоқ, нан комбинатының күзетшісі, осы комбинаттың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

52. **Николаева** Надежда Яковлевна, 1917 жылы туған, СОКП мүшесі, жылу-энергия орталығының аспапшысы, осы кәсіпорнының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

53. **Назарьевская** Людмила Дмитриевна, 1926 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

54. **Омельченко** Раиса Антоновна, 1926 жылы туған, партияда жоқ, шағын двигательдер заводының механикалық цехының бригадирі, осы заводтың жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

55. **Паршакова** Лидия Павловна, 1928 жылы туған, партияда жоқ, аяқкиім фабрикасы цехының есепшісі, осы фабриканың қызметкерлер коллективі ұсынған.

56. **Попова** Прасковья Васильевна, 1918 жылы туған, СОКП мүшесі, нан комбинатының жұмысшысы, осы комбинаттың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

57. **Пудовикова** Прасковья Илларионовна, 1922 жылы туған, партияда жоқ,

ның басқарушысы, аптека басқармасының Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

61. **Рыгалов** Анатолий Иванович, 1915 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

62. **Раздорский** Михаил Иванович, 1915 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

63. **Родичев** Павел Иванович, 1914 жылы туған, партияда жоқ, жылу-энергия орталығының күрделі құрылыс бөлімінің мастері, осы кәсіпорнының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

64. **Симагутина** Валентина Петровна, 1928 жылы туған, партияда жоқ, протез мастерскойының кассирі, осы мастерскойдың қызметкерлер коллективі ұсынған.

65. **Сивочкина** Елена Михайловна, 1894 жылы туған, партияда жоқ, № 2 аптеканың фасовщигі, аптека басқармасының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

66. **Сажина** Анна Филипповна, 1927 жылы туған, партияда жоқ, жылу-энергия орталығының күрделі құрылыс бөлімінің есеп жүргізушісі, осы кәсіпорнының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

67. **Тайболатова** Күлбану Мұқажанқызы, 1929 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, № 5 орта мектептің оқытушысы, осы мектептің оқытушылар коллективі ұсынған.

68. **Титенко** Павел Васильевич, 1928 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, музыка мектебінің оқытушысы, осы мектептің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

69. **Тарасова** Нина Афанасьевна, 1919 жылы туған, партияда жоқ, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

70. **Угланов** Василий Митрофанович, 1914 жылы туған, СОКП мүшесі, ішкі істер министрлігі басқармасының финанс бөлімінің бастығы, осы басқарманың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

71. **Фрумкина** Александра Дмитриевна, 1923 жылы туған, партияда жоқ, облыстық байланыс басқармасы тексеру секторының нұсқаушы-бақылаушысы, осы басқарманың қызметкерлер коллективі ұсынған.

72. **Ховайко** Анна Александровна, 1907 жылы туған, партияда жоқ, «Заготживсырье» облыстық мекемесінің кадрлар жөніндегі инспекторы, осы мекеменің қызметкерлер коллективі ұсынған.

73. **Чичаев** Николай Егорович, 1926 жылы туған, партияда жоқ, жылу-энергия орталығының күрделі құрылыс бөлімінің штукатуры, осы кәсіпорнының кә-

## Улан-Баторда В. И. Ленинге ескерткіш орнатылды

УЛАН-БАТОР, 26 ноябрь. (СОТА). Монгол халқы бүгін Монгол Халық Республикасының жарияланғанына 30 жыл толуын салтанатпен атап өтті. Республиканың астанасы —Улан-Баторда В. И. Ленинге ескерткіш ашылды. Ескерткіштің ашылуына байланысты болған митингке Монгол Халық -революциялық партиясының және үкметтің басшылары, туысқан Коммунистік және жұмысшы партиялары, делегацияларының өкілдері, ССРО-ның, ҚХР-дың және ҚХРД-дың елшілері, жұртшылықтың өкілдері, еңбекшілер —барлығы бірнеше ондаған мың адам қатысты.

Митингті МХРП Орталық Комитетінің бірінші секретары Дамба жолдас ашты. Одан кейін Чойбалсан атындағы өнеркәсіп комбинатының жұмысшысы Пунцук —Ендон, Кобдос аймағының арасы Янджи, МХР ғалымдар комитетінің председателі Жагварал сөз сөйледі.

МХР премьер-министрі Ю. Цеденбал бүгін кешке МХР-дің жарияланғанына 30 жыл толуына байланысты қабылдау жасады. Қабылдау жылы жүзді, достық жағдайда өтті.

## Герман Демократиялық Республикасының жалпыеуропалық кеңеске қатысатын делегациясы

БЕРЛИН, 26 ноябрь. (СОТА). ГДР Министрлер Советі Совет Одағының инициативасы бойынша 29 ноябрьде шақырылатын Жалпыевропалық кеңеске қатысатын Герман Демократиялық Республикасының үкмет делегациясының құрамын бекітті.

Делегацияның құрамына мыналар кірген: Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротеволь (делегацияның басшысы). премьер-министрдің орынбасары Вальтер Ульбрихт, премьер -министрдің орынбасары және сыртқы істер министрі Лотар Больц, премьер-министрдің орынбасарлары Отто Нушке мен доктор Ганс Лох, Германияның демократиялық шаруалар партиясының бас секретары Бертольд Розе, Делегацияның құрамына мұнымен қатар Герман Демократиялық Республикасының ССРО-дағы елшісі Рудольф Аппельт кірген.

## Албан Халық Республикасының жалпыевропалық кеңеске қатысатын делегациясы

ТИРАНА, 26 ноябрь. (СОТА). Албан телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, албан Халық Республикасының үкметі Совет Одағының ұсынысы бойынша шақырылатын Европада коллективтік хауіпсіздік құру туралы мәселе бойынша Жалпыевропалық кеңеске қатысатын үкметтік делегация тағайындаған. Делегацияның басшысы болып Албанияның Министрлер Советі Председателінің орынбасары Мануш Муфтиу тағайындалған. Делегацияның құрамына Албанияның сыртқы істер министрі Бехар Штиллы кірген. Делегацияның құрамына мұнымен қатар Албанияның ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі Михаль Прифти кірген.

## Жалпыевропалық кеңеске қатысатын Венгер делегациясы

БУДАПЕШТ, 26 ноябрь. (СОТА). Газеттердің хабарларына қарағанда, Совет Одағы Үкметінің инициативасы бойынша 29 ноябрьде шақырылатын Жалпыевропалық кеңеске қатысатын венгер үкметтік делегациясы кеше кешке Москваға жүріп кеткен.

Делегацияның басшысы —Венгер Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Андраш Хегедюш, делегацияның мүшелері —Венгер Халық Республикасының сыртқы істер министрі Янош Болдоцки және сыртқы істер министрінің орынбасары Эндре Шик. Делегацияның құрамына мұнымен қатар Венгер Халық Республикасының Совет Одағындағы елшісі Ференц Мюнних кірді.

## Чехословакияда ауыл шаруашылығын механикаландырудың артуы

ПРАГА, 26 ноябрь. (СОТА). Чехословакияда дала жұмыстары аяқталып келеді. Механикаландырудың артуы арқасында ауылшаруашылық жұмыстары таяуда ғана өткен уақытпен салыстырғанда әлдеқайда табысты жүргізілуде. Ауыл шаруашылығын механикаландырудың жоғары дәрежеде екендігін мына факті көрсетеді: егер жыртылатын жердің 1000 гектарына соғысқа дейін бір ғана трактордың өзінде орта есеппен төрт трактор жұмыс істеді.

Алғашқы бесжылдық жылдарында Чехословакияның машина-трактор станциялары 14 мыңнан аса трактор, 1175 комбайн, 13500 әртүрлі жыйнау машиналары мен басқа да техниканы көптеп алды. Ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыру әсресе елдің негізгі астық орталығы болып табылатын Словакияда

22. **Злобинский** Давыд Борисович, 1928 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

23. **Иванов** Семен Тимофеевич, 1887 жылы туған, партияда жоқ, мемлекеттік сыра заводының күзетшілер бастығы, осы заводтың қызметкерлер коллективі ұсынған.

24. **Измайлова** Ғалия Шангарейқызы, 1930 жылы туған, партияда жоқ, құрылыс басқармасының жұмысшысы, осы басқарманың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

25. **Короткова** Нина Филипповна, 1911 жылы туған, партияда жоқ, хирургиялық сестра, қалалық біріккен аурухана қызметкерлерінің коллективі ұсынған.

машинисі, осы кәсіпорнының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

40. **Лунин** Егор Иванович, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

41. **Ларькина** Августа Михайловна, 1925 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, қаланың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

42. **Лесняк** Рафаил Фомич, 1925 жылы туған, СОКП мүшесі, қаланың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

43. **Митрофанов** Василий Федорович, 1922 жылы туған, партияда жоқ, облыстық жоспарлау мекемесінің жоспаршы-экономисі, еңбекшілер депутаттары облыстық Совет аткомінің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

№ 8 орта мектептің оқытушысы, осы мектептің мұғалімдері мен қызметкерлер коллективі ұсынған.

58. **Ростовщиков** Василий Федорович, 1899 жылы туған, СОКП мүшесі, протез мастерскойының атшысы, осы мастерскойдың Коммунистік партия ұйымы ұсынған

59. **Резинкин** Иван Трофимович, 1909 жылы туған, партияда жоқ, ет-консерв комбинатының слесарі, осы комбинаттың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

60. **Рябова** Клавдия Даниловна, 1922 жылы туған, СОКП мүшесі, № 2 аптека-

74. **Шадрин** Денис Осипович, 1903 жылы туған, СОКП мүшесі, элеватор қоймасы меңгерушісінің көмекшісі, элеватордың жұмысшылары мен қызметшілер коллективі ұсынған.

75. **Шарипова** Әлфия Хайроллақызы, 1929 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, жылу-энергия орталығының котел цехының мотористі, осы кәсіпорнының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

**Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің председателі**
**М. ВОТЯКОВ.**

**Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің секретары**
**Ю. ПЛОТНИКОВА.**

# Үзбей оқып, талмай ізден

## (Редакцияға түскен өлеңдерге шолу)

Редакциямызға өлеңдер күн сайын көп түсіп жатады. Өлеңдерді жіберетіндер — әртүрлі мамандықтың адамдары, олардың кейбірі Отан игілігі жолында қажырлылықпен еңбек етіп жүргендер болса, кейбірі өмір сырына жаңа бойлай бастаған оқушылар. Өлеңдердің тақырыптары да алуан түрлі, бірақ осы алуан тақырыпты өлеңдердегі айтылар ойдың құяр арнасы біреу. Ол—халқымыздың ұлы Отанға, туысқан Коммунистік партияға шексіз берілгендігі мен сүйіспеншілігі, олардың еңбектегі тамаша табыстары. Өлеңдердің ең құндылығы да осында.

Жас талаптардың жазғандарын оқығанда бірден көзге түсетін қуанышты жағдай—олар партия мен үкмет алға қойып отырған ұлы міндеттерді толық түсініп, соны халқымызға жеткізуге, даңқты совет адамдарының жасампаз еңбегін жыр етуге тырысады. Мысалға Әли **Мұсахановтың** (Петропавл қаласы) бір өлеңін алайық. Әли өз өлеңін партия шақыруы бойынша тың жерлерді игеруге аттанған жарына Наташаның жазған хаты ретінде құрған. Наташа жары аттанып бара жатқан ұлы істің мәніне жете түсінбей, қалада қалып қояды. Бірақ кейін өзінің қателік істегенін аңғарады. Наташа өзінің хатында:

«Аңғармаппын
Ел мақсатын,
Міндетімді әуелде»,—деп өкінеді де, келешекте өзінің де бұл іске араласатынын білдіріп:

«Сол тың жерге,
Туыс елге,
Асығамын жетуге»,—дей келіп:
«Бірге жүріп,
Тыңды тіліп
Мен де егін егемін!»—деп серт бере жазады.

Ұлы істердің жаршысы болған жаз да өтті. Облысымыздың ғасырлар бойы жан баспаған жапандарында мыңдаған гектар тың жер игеріліп, алғашқы мол өнім де алынды. Ел қонбаған далада ірі астық фабрикалары—совхоздардың тамаша поселкалары пайда болды. Еңбекпен оянған далаға құлпырып өң кірді. Өлең жазумен жаңа шұғылдана бастаған **Е. Әбілмәжінов, А. Байқуанов** жолдастар (Октябрь ауданы) өздерінің өлеңдерін міне осы тақырыптарға арнаған. Әбілмәжінов жолдас «Жаңа қала» атты өлеңінде тыңда салынған жаңа қаланың түнгі көрінісін, табысты еңбектен кейін көңілді дем алған жастардың сауықты думанын әсерлі суреттей келіп:

«Олар салған сұлу ән
Бақытқа бөлер бар жанды!»—

деп жазады. Шындығында да еңбек, қуаныш жыры адам жанын әлдилейді емес пе!

Партия! Біздің барлық табыстарымыз бен жеңістеріміздің ұйымдастырушысы және дем берушісі! Халқымыздың партияға деген сүйіспеншілігі де ұшан-теңіз.

«Партия —адам досы, ел тынысы,
Халықтың абройы, көркі, күші!» —

деп жазады Пришім ауданынан **Б. Балтабаев** жолдас. **Қ. Қожахметовтың** (Конюхов ауданы) «Сүйемін сені, партия» деген өлеңі де партияға деген сүйіспеншілікке, алғысқа толы.

Жас талаптардың көпшілігі өздерінің алғашқы өлеңдерін дүние жүзі еңбекшілерінің көкейтесті тілегі—бейбітшілік тақырыптарына арнаған.

**Д. Қабыкеев** (Совет ауданы) өзінің өлеңінде бостандық үшін, баянды бейбітшілік үшін күреске үндейді.

Міне, жас талаптардың жазған өлеңдерінің жалпы тақырыптары осындай. Бұдан олардың көптеген маңызды мәселелерді қозғайтындықтары көрінеді. Бұл бағалы да, қуанышты да жағдай. Бірақ өлеңнің, жалпы көркем шығарманың құндылығы жалғыз тақырып таңдаумен ғана шектелмейді. Ең алдымен оның көркемдік дәрежесі жоғары, оқушыларымыздың бүгінгі талабына сай болуға тиіс. Ал мәселені бұл жағынан алып қарағанда жас авторларымыздың тіл шеберлігінде әлі де көп олақтық бар екендігі байқалады. Көп реттерде олардың өлеңдерінде әрбір шумақтың сөйлем құрылыстарының заңдылығы, өлшемдері сақталмайды.

Мысал үшін **К. Балауовтың** (Петропавл қаласы) бір өлеңінің мына шумағын талдайық.

Ентелеп еңбекшілер құмарланып
тыңдағанда,
Өлеңші балуандай күресетін
оңтайланып, ырғалып, даусын кеңеп
әсемденіп.

Буын жоқ денесінде былқ-сылқ етіп,
Құлпыртып, құбылдырып өне бойын.

Бұл шумақта жалпы өлеңге тән ерекшеліктер сақталмай, тек қара сөздердің жиынтығы болып шыққан. Қолданған теңеулердің көркемдігінің нашар екенін айтпағанның өзінде мұндағы өлең жолдары ешбір өлшеусіз алынған. Мәселен, «өлеңші балуандай күресетін оңтайланып, ырғалып, даусын кеңеп әсемденіп» деген жолдар белгілі бір мән беріп, автордың айтар ойын көрсетпейді. Тек қана өзара ешқандай байланысы жоқ жеке сөздер тіркестірілген. Мұнда теңеулер де дұрыс алынбаған. Өлеңшінің «күресетін балуандай оңтайлануы», «әсемденуі» ешқандай шындыққа жатпайтын, орынсыз теңеулер. Алынған шумақтан көрініп отырғандай Балауов жолдастың өлең жазу техникасымен таныс еместігін, буын, сөз өлшемдері сияқты заңдылықтарды білмейтіндігін көрсетеді. Ал оларды білмейінше көркем өлең жазу мүмкін емес.

Жаңа жаза бастағандардың көпшілігі өлеңдерін белгілі бір сюжетке құрып, айтар ойын сол сюжет арқылы беруді қарастырмайды. Ал сюжетке құрылған өлең әдетте ұтымды шығып жүр. Бұл жағын жас талаптарымыздың ойланғаны жөн. Жазған өлеңде автор өз ойын оқушыға толық жеткізіп беру үшін ол өмірді толық сезініп, дұрыс қорытынды шығара білуге тиіс. Көркем шығарма жазу шын мәнінде творчестволықпен еңбек етуді талап етеді. Сондықтан да онымен әуестенушілер талмай еңбек етіп, үзбей оқу, үйрену үстінде болуға тиіс. Ал бұған бізде мүмкіншілік толық.

Айта кететін бір жағдай, жас ақындардың көпшілігі өлеңнің көркемдік дәрежесіне жете көңіл аудармайды. Ал көркемдік құндылық дегеніміз мазмұнды идеяның ұстамдылығын, маңыздылығын арттыратын өлеңді «тілге жеңіл, жүрекке жылы» ететін қасиет. Ол ең алдымен өлеңде сөзді орынды пайдалана білуге, тілді жақсы білуге байланысты. Демек, өлең жазуға талпыну дегеніміз бәрінен бұрын өз біліміңді арттыру, классиктерден үйрену, үлгі алу деген сөз.

Редакцияға түскен өлеңдерді оқығанда, әсіресе жас авторлардың Маяковскийге көп еліктейтіні байқалады. Бұл өте игілікті талап. Бірақ бұл жағдайда мына ақиқатты естен шығаруға болмайды—еліктеу дегеніміз бір ақынның стилін, творчествосындағы көркемдік ерекшелікті сырттай қабылдау емес, оның творчествосының ішкі мазмұнына үңілу, оның идеялық, көркемдік құндылығына зер салу, бір сөзбен айтқанда, классик ақындардың шығармаларын түсіне оқып, ішкі сырына жете бойлау.

Біздің табысқа толы тамаша өміріміздің жан-жақты шындығы жас ақындар творчествосының нәрі болуға тиіс. Өзіне шындық өмір сырын негіз еткен творчество әрқашан да құнды, мазмұнды болмақ.

## ГДР-дің біртоп ғалымдарына „еңбек сіңірген халық ғалымы" атағының берілуі

БЕРЛИН, 26 ноябрь. (СОТА). Герман Демократиялық Республикасының президенті В. Пик бүгін ГДР-дің біртоп ғалымдарына «еңбек сіңірген халық ғалымы» атағын берді.

Президент бұл жоғары атақ алған ғалымдарға арнап қысқаша сөз сөйледі.

Наградталғандардың атынан доктор Фриц Леве жауап сөз сөйледі.

## „Бейбітшілікті қорғауға көмектесіңдер!"

### Чехословакия ғалымдарының үндеуі

ПРАГА, 26 ноябрь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігінің хабарлауына қарағанда, кеше Прагада чехословак ғылым академиясының пленум мәжілісі болған.

Мәжіліске қатысушылар бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін қажымас күрескер А. Я. Вышинскийді еске түсірді.

Чехословак ғылым академиясының жұмысы жөнінде Чехословак ғылым академиясының жауапты секретары Франтишек Шорм баяндама жасады. Шорм былай деді: 1955 жылдың 1 январынан бастап ғылым академиясы жанынан 26 ғылми институт, 21 лаборатория және 10 ғылми кабинет ұйымдастырылады. Ғылым академиясы жанында өндіргіш күштердің дамуы мәселесі жөнінде совет құрылады.

Бұдан кейін Ф. Шорм достас елдердің ғылым академияларымен, әсіресе ССРО Ғылым академиясымен және УССР Ғылым академиясымен ынтымақтың артуы жөнінде айтты.

Пленум мәжілісіне қатысушылар бірауыздан мынадай үндеу қабылдады: «бүгін бүкіл дүние жүзінде тек берік бейбітшілік қана барлық адамдарға және халықтарға бақытты болашақты қамтамасыз етеді дейтін сенімнен басқа ешқандай да ақиқат жоқ және болуы да мүмкін емес. Сондықтан да біз Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру мәселесі жөнінде алда болатын Кеңесті шын жүректен құттықтаймыз. Герман милитаризмі тудырған дүниежүзілік соғыстардың зардабын екі рет көрген, біз, батыстық империалистік топтардың Батыс Германияны қаруландыру және оны үшінші дүниежүзілік соғысқа араластыру жөніндегі дұшпандық әрекеттеріне батыл қарсы шығамыз. Мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп келе жатқан европалық мәдениет үшін, адамзаттың сәулетті және бақытты өмірге, прогреске, искусствоның гүлденуіне және ғылымның өркендеуіне ізгі тілегі үшін біз бүкіл дүние жүзінің ғалымдарын мынаған шақырамыз: бейбітшілікті қорғауға көмектесіңдер! Халықтардың тағдыры шешілетін мұндай тарихи кезеңде ғалымдардың бірде бірі үндемей қалмауға тиіс емес.

## Шетелдерде американ капитал қорларының ұлғаюы

НЬЮ-ЙОРК, 26 ноябрь. (СОТА). АҚШ-тың сауда министрлігінің органы «Сэрвей оф каррент бизнес» былай деп хабарлайды: 1953 жылы АҚШ-тың шетелдердегі тікелей капитал қорлары шамамен біржарым миллиард доллар ұлғайған және үстіміздегі жылдың бірінші жартысында осындай қарқындармен өсуде. Журналдың жазуына сәйкес, АҚШ-тың шетелдердегі тікелей капитал қорлары 1946 жылдан бастап 1954 жылдың орта шеніне дейін 10 миллиард долларға, демек 1946 жылғы 7 миллиардтан шамамен алғанда 17 миллиардқа дейін ұлғайған.

Американ бизнесі шет мемлекеттердегі және әсіресе отар және жартылай отар елдеріндегі осы сияқты «тікелей капитал қорларынан» орасан көп пайда табуда. Сауда министрлігінің корпорациялардан алған және олардың тапқан пайдасын кішірейтіп көрсету мақсатымен берген мәліметтерінің өзі шетелдердегі капитал қорларынан түсетін таза пайда 1950 жылдан бастап шамамен алғанда жылына 2,2 миллиард доллар болып келе жатқанын көрсетеді.

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**




**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«ҮЛКЕН СЕМЬЯ»**

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«МЕРЕКЕЛІ КЕШ»**

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02905 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 12 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21- үй.